Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1 5 1 9

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

**«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа моделдерін енгізу» мемлекеттік қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 11, «Қаржы министрлігі үйі» ғимараты, № 102 кабинеті мекенжайы бойынша көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 20-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына, 651-бабына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz), «Салықтық қызмет көрсетулер» бөлімі);

2) уәкілетті органның стенділерінде;

3) уәкілетті органның аумақтық органдарының стенділерінде орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталық телефоны (8 (7172) 58-09-09) арқылы да көрсетілуі мүмкін.

5. Уәкілетті органда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі бақылау-касса машиналарының (бұдан әрі – БКМ) моделін Мемлекеттік тізілімге енгізу туралы немесе енгізуден бас тарту туралы шешімді беру не уәкілетті органның мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тартуы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет БКМ мемлекеттік тізіліміне жаңа БКМ модельдерін енгізуге мүдделі жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – алушы) көрсетіледі.

7. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік тізілімге БКМ моделін енгізу туралы немесе енгізуден бас тарту туралы шешімді беру – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды берген күнінен бастап 30 жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

4) уәкілетті орган БКМ моделін БКМ мемлекеттік тізілімінен алып тастау туралы шешім қабылдаған кезде – БКМ моделін БКМ мемлекеттік тізілімінен алып тастағанға дейін алты айлық кезең ішінде алушыларға хабарлау.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Уәкілетті органның жұмыс кестесі - еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

10. Мемлекеттік қызмет мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдай көзделген, күтіп отыру және қажетті құжаттарды дайындау үшін қолайлы жағдайлар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан күту орны бар уәкілетті органда көрсетіледі.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет орындары және өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы уәкілетті органға мыналарды:

- 1) белгіленген нысандағы салықтық өтініш – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін ;
- 2) БКМ моделінің эталондық үлгісін – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;
- 3) БКМ жасаушы зауыттың паспортын – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;
- 4) жасаушы зауыттың техникалық құжаттамасын – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін ;
- 5) фискалды және фискалсыз режимде БКМ жасаушы зауыт, сол сияқты алушы басып шығарған, қалыптастырылатын чектер мен есептердің үлгілерін – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;
- 6) қағаз және электрондық тасығыштарда БКМ пайдалану нұсқаулығын – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;
- 7) фискалды режим орнату, БКМ қайта тіркеу, фискалдық есептерді, қассаның ағымдағы жай-күйі туралы есепті (Х-есеп) алу кезіндегі, сондай-ақ бақылау чегінде қамтылуы тиіс үшін ақпаратты енгізу кезіндегі уәкілетті орган қызметкерінің әрекетін толық сипаттамасын қамтитын қағаз және электрондық тасығыштарда уәкілетті орган қызметкері үшін нұсқаулықты – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін ;
- 8) жасаушы зауыттың БКМ моделін техникалық қолдау бойынша кепілдікті міндеттемесін – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;
- 9) жасаушы зауыттың құжаттамасында көрсетілген БКМ моделінің техникалық сипаттамаларының белгіленген нысандағы негізгі техникалық талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтерді – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;

10) БКМ моделінің сәйкестік сертификатының нотариалды куәландырылған көшірмесін – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;

11) БКМ моделінің қағаз және электрондық тасығыштардағы түрлі-түсті фотосуретін – БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;

12) фискалдык тіркеушіні дербес компьютерге қосу үшін электрондық жеткізгіште бағдарламалық қамтамасыз етуін – фискалды тіркеуші болып табылатын БКМ моделін тізілімге енгізу үшін;

13) ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындысын – компьютерлік жүйе болып табылатын БКМ моделін тізілімге енгізу үшін тапсырады.

12. Лицензия алу үшін өтініш нысаны интернет-ресурстарда: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz), [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) уәкілетті органның интернет-ресурсында, уәкілетті органның күту залында стенділерде және арнайы бағанда орналастырылады.

13. Құжаттарды қабылдау осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін уәкілетті органға табыс етілген құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі құжаттар қабылданған күн туралы белгімен алушыға жіберіледі (табыс етіледі).

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі алушыға уәкілетті органда–қолма-қол (алушының не сенімхат бойынша өкілінің жеке келуі) жеткізіледі.

16. Егер БКМ моделі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген техникалық талаптарға сәйкес келмесе, мемлекеттік қызметті көрсетуден бастарту үшін негіз болып табылады.

БКМ моделінің Мемлекеттік тізілімге енгізу кезінде техникалық талаптарға сәйкестігі БКМ моделін Мемлекеттік тізілімге енгізуге бастама жасаған тұлға өкілдерінің қатысуымен БКМ моделінің үлгісін сынақтан өткізу (тестілеу) жолымен айқындалады. БКМ моделінің техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау үшін уәкілетті орган өзге мемлекеттік органдардан, басқа тұлғалардан (БКМ моделін мемлекеттік тізілімге енгізуге бастама жасаған тұлғадан және олармен байланысты тұлғалардан басқа) сарапшылар тарта алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздеме жоқ.

### **3. Жұмыс қағидааттары**

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарын сақтауға, қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтауға

негізделген және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Уәкілетті орган қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымдарды дайындауға жәрдемдесу үшін алушы уәкілетті орган басшылығына жүгінеді.

Уәкілетті орган қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының 1414 телефоны арқылы не порталдан алуға болады.

Алушы порталға жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты да «электрондық үкімет» call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызметінің телефоны (1414) арқылы алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы не қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, сондай-ақ call-e-tax@mgd.kz мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына беріледі.

22. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы не қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, сондай-ақ call-e-tax@mgd.kz мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайда шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде (электрондық шағым кітабының мекенжайы: call-e-tax@mgd.kz) не осы стандарттың 22-тармағында көрсетілген кеңсе кабинеті арқылы жұмыс күндері қолма-қол, не уәкілетті



органда орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жазбаша түрде қабылданады.

Қажет болған жағдайда алушылар шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсеткенін немесе уәкілетті орган қызметкерінің дұрыс қызмет көрсетпегенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Портал арқылы жүгінген кезде: портал арқылы электрондық жүгініс жөнелтілгеннен кейін алушыға «жеке кабинетінен» жүгініс туралы ақпаратқа қол жетімді болады, ол уәкілетті органда жүгіністі өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылады.

Уәкілетті органның жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

25. Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштерді есепке алу кітабына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, жүгіністі қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы алушыға жазбаша түрде хабарланады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не 8 (7172) 71-80-02 телефондары арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық жүгінуі жөнелтілгеннен кейін алушыға «жеке кабинетінен» жүгінуі туралы ақпаратқа қол жетімді болады, ол уәкілетті органда жүгіністі өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылады.

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты уәкілетті органның [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері			Көрсеткіштің есепті жылдағы
-----------------------------------	--	--	-----------------------------

	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің кейінгі жылғы нысаналы мәні	ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжат тапсырылған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету процесінің сапасына қанағаттанған алушылардың % -ы (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012

ж ы л ғ ы

4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1 5 1 9

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

## **«Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру» мемлекеттік қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру» мемлекеттік қызметін осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – салық органы) к ө р с е т е д і .

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 20-бабы 1-тармағының 5)-6) және 21) тармақшаларына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) Салық комитетінің интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы:

www.salyk.kz, «Салықтық қызмет көрсетулер» бөлімі);

2) уәкілетті органның стенділерінде;

3) салық органының стенділерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталықтарының (8 (7172) 58-09-09) телефоны арқылы да берілу мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) уәкілетті органда – жазбаша түрде Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру;

2) салық органында – жазбаша және (немесе) ауызша түрде, сондай-ақ телефон байланысы арқылы Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру;

3) уәкілетті органның немесе салық органының мемлекеттік қызметті көрсетуден уәждеделген бас тартуы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының салық төлеушілеріне (бұдан әрі – алушы) көрсетіледі.

7. Уәкілетті органда немесе салық органында мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе орнына барып тексеру талап етілмейтін алушының өтінішіне жазбаша жауаптар беру – уәкілетті орган қызметкеріне өтініш түскен күнінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде;

өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе орнына барып тексеру талап етілетін алушының өтінішіне жазбаша жауаптар беру – уәкілетті орган қызметкеріне өтініш түскен күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде;

қарау мерзімі күнтізбелік 30 күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін – қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған кезде, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде алушыға хабарланады;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты (ауызша жүгінгенде) – 20 минуттан аспайды;

3) алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты (жазбаша өтініштерге жауаптарды қолма-қол алатын кезде) – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті орган – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

2) салық органы (облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық

департаменттерінің) – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

3) салық органы (Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарының) – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;

4) Call-орталығы (8 (7172) 58-09-09) – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

10. Мемлекеттік қызмет мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдай көзделген, күтіп отыру және қажетті құжаттарды дайындау үшін қолайлы жағдайы бар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан күту орны бар уәкілетті органда немесе Орталықта көрсетіледі.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет орындары және өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін алушы уәкілетті органға немесе салық органға: еркін нысанда өтінішті табыс етеді.

Алушылар салық органының тиісті қызметкеріне ауызша түрде және Call-орталыққа (7172) 58-09-09) телефон байланысы арқылы да жүгіне алады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін белгіленген үлгідегі бланкілерді толтыру талап етілмейді.

13. Құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін уәкілетті органға немесе салық органына табыс етілген құжаттар қабылданады және алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Пошта арқылы жүгінген кезде уәкілетті органның немесе салық органының қызметкері пошта хабарламасына белгі қояды.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі алушыға уәкілетті органда немесе салық органында – қолма-қол (алушының не сенімхат бойынша өкілінің жеке

келуі) не пошта арқылы жеткізіледі.

16. Егер алушының қайта өтінішінде жаңа дәлелдер немесе жаңа ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы өтініштегі материалдарда тексерістің толық материалдары бар болса және алушыларға белгіленген тәртіппен жауап берілсе, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіз жоқ.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Уәкілетті органның немесе салық органының қызметі адамның конституциялық құқықтарын сақтауға, қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтауға негізделген және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті органның немесе салық органының жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Уәкілетті органның немесе салық органының қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымдарды дайындауға жәрдемдесу үшін алушы уәкілетті орган бөлімшесінің немесе салық органының б а с ш ы л ы ғ ы н а ж ү г і н е д і .

Уәкілетті органның немесе салық органының қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты да Call-орталықтың 8 (7172 ) 58-09-09 телефоны бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган немесе салық органы басшысының атына осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша пошта арқылы не қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде шағым беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін түскі үзіліспен, сондай-ақ call-e-tax@mgd.kz мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына б е р і л е д і .

22. Мемлекеттік қызметті тікелей уәкілетті орган немесе салық органы

көрсетеді. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда жазбаша түрде шағым беріледі және өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін уәкілетті органның басшысына, осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинетіне жіберіледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін түскі үзіліспен, демалыс күндері – сенбі, жексенбі және мереке күндері.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Қолданыстағы заңнамада көрсетілген жағдайда шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде (электрондық шағым кітабының мекенжайы: call-e-tax@mgd.kz) не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинеті арқылы жұмыс күндері қолма-қол, не уәкілетті органда немесе салық органында орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жазбаша түрде қабылданады.

Қажет болған жағдайда алушылар шағымға уәкілетті органның немесе салық органының мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсеткенін немесе уәкілетті орган немесе салық органы қызметкерінің дұрыс қызмет көрсетпегенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Уәкілетті органның немесе салық органының жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

25. Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштерді есепке алу кітабына «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тіркеледі.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы алушыға жазбаша түрде хабарланады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

«Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсететін салық органдарының тізбесі**

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Салық органдары	Заңды мекенжайы	Интернет-ресурсы	Салық органдары хатшылығының телефондары және кабинет	Мемлекеттік қыз көрсететін салық органдары бөліністі телефондары
1	2	3	4	5	6
Ақмола облысы					
1	Ақмола облысы бойынша салық департаменті	Көкшетау қ., Горький к-сі, 21 А	www.nalog.kokc.kz	8 (7162) 72-12-27 № 106 кабинет	8 (7162) 72-8 (7162) 72-12-41
2	Ақкөл ауданы бойынша салық басқармасы	Ақкөл қ., Октябрьская к-сі, 21		8 (71638) 2-29-15 № 4 кабинет	8 (71638) 2-8 (71638) 2-29-13
3	Аршалы ауданы бойынша салық басқармасы	Аршалы кенті, Ташенов к-сі, 14		8 (71644) 2-12-87 № 3 кабинет	8 (7162) 72-8 (71644) 2-13-86
4	Астрахан ауданы бойынша салық басқармасы	Астрахан ауылы, Байтұрсынов к-сі, 20		8 (71641) 2-25-6 8 8 (7162) 72-12-78 № 9 кабинет	8 (71641) 2-8 (71641) 2-28-01
5	Атбасар ауданы бойынша салық басқармасы	Атбасар қ., Б.Момышұлы к-сі, 4		8 (71643) 4-28-15 № 9 кабинет	8 (71643) 4-8 (7162) 72-17-31
6	Бұланды ауданы бойынша салық басқармасы	Макинск қ., Клубная к-сі, 32		8 (71646) 2-23-47 № 3 кабинет	8 (71646) 2-8 (7162) 72-12-14
7	Степногорск қаласы бойынша салық басқармасы	Степногорск қ., Коммуналдық – қойма аймағы		8 (71645) 6-27-37 № 28 кабинет	8 (71645) 6-8 (71645) 6-67-76
8	Егіндікөл ауданы бойынша салық басқармасы	Егіндікөл ауылы, Мир к-сі, 24		8 (71642) 2-12-44 № 8 кабинет	8 (71642) 2-12-42
9	Еңбекшілдер ауданы бойынша салық басқармасы	Степняк қ., Абылайхан к-сі, 10 а		8 (71639) 2-16-74 № 19 кабинет	8 (71639) 2-8 (7162) 72-12-48
10	Ерейментау ауданы бойынша салық басқармасы	Ерейментау қ., А.Құнанбаев к-сі, 115		8 (71633) 2-26-33 № 1 кабинет	8 (71633) 2-8 (71633) 2-30-87
11	Есіл ауданы бойынша салық басқармасы	Есіл қ., Д.Қонаев к-сі, 13		8 (71647) 2-12-07 № 2 кабинет	8 (71647) 2-8 (7162) 72-12-67
12	Жақсы ауданы бойынша салық басқармасы	Жақсы ауылы, Дружба к-сі, 3		8 (71635) 2-18-96 № 3 кабинет	8 (7162) 72-8 (71635) 2-16-62
13	Жарқайың ауданы бойынша салық басқармасы	Державинск қ., Ниязбаев к-сі, 35		8 (71648) 9-13-08 № 3 кабинет	8 (7162) 72-8 (71648) 9-13-58
14	Зеренді ауданы бойынша салық басқармасы	Зеренді ауылы, Мир к-сі, 61		8 (71632) 2-29-4 8 8 (71632) 2-23-35 № 7 кабинет	8 (71632) 2-8 (7162) 72-12-77
15	Қорғалжын ауданы бойынша салық басқармасы	Қорғалжын ауылы, Болғанбаев к-сі, 17		8 (71637) 2-19-56 № 6 кабинет	8 (71637) 2-8 (7162) 72-12-85

16	Сандықтау ауданы бойынша салық басқармасы	Балкашино ауылы, Абылайхан к-сі, 128		8 (71640) 9-19-64 № 3 кабинет	8 (71640) 9-8 (7162) 72-11-98
17	Целиноград ауданы бойынша салық басқармасы	Ақмол ауылы, Гагарин к-сі, 2		8 (71651) 3-11-59 № 8 кабинет	8 (7162) 72-8 (71651) 3-11-68
18	Шортанды ауданы бойынша салық басқармасы	Шортанды ауылы, Абылайхан к-сі, 8		8 (71631) 2-14-64 № 3 кабинет	8 (71631) 2-8 (7162) 72-12-49
19	Бурабай ауданы бойынша салық басқармасы	Щучинск қ., Сейфуллин к-сі, 90		8 (71636) 5-66-17 № 13 кабинет	8 (71636) 5-8 (71636) 5-60-74
20	Көкшетау қаласы бойынша салық басқармасы	Көкшетау қ., Горький к-сі, 21 А		8(7162) 72-12-28 № 102 кабинет	8 (7162) 72-8 (7162) 72-8 (7162) 40-27-39
21	«Бурабай» салық басқармасы	Щучинск қ., Сейфуллин к-сі, 90		8 (71636) 5-62-15 № 2 кабинет	8 (71636) 5-62-15
Ақтөбе облысы					
1	Ақтөбе облысы бойынша салық департаменті	Ақтөбе қ., Некрасов к-сі, 73		8 (7132) 21-01-9 4 8 (7132) 59-53-64 № 19 кабинет	8 (7132) 21-8 (7132) 21-12-89
2	Әйтеке би ауданы бойынша салық басқармасы	Комсомол ауылы, Абылайхан к-сі, 24		8 (71339) 2-15-45 № 2 кабинет	8 (71339) 2-8 (71339) 2-15-80
3	Алға ауданы бойынша салық басқармасы	Алға қ., Байтұрсынов к-сі, 15		8 (71337) 4-27-63 № 1 кабинет	8 (71337) 4-8 (71337) 4-28-49
4	Байғанин ауданы бойынша салық басқармасы	Байғанин кенті, Барақ батыр к-сі, 38а		8 (71345) 2-31-42 № 1 кабинет	8 (71345) 2-8 (71345) 2-31-42
5	Ырғыз ауданы бойынша салық басқармасы	Ырғыз ауылы, Қанахин к-сі, 28		8 (71343) 2-13-31 № 1 кабинет	8 (71343) 2-8 (71343) 2-13-31
6	Қарғалы ауданы бойынша салық басқармасы	Бадамша ауылы, Әбілхайырхан к-сі, 8		8 (71342) 2-20-17 № 1 кабинет	8 (71342) 2-8 (71342) 2-20-87
7	Қобда ауданы бойынша салық басқармасы	Қобда ауылы, Пятковская к-сі, 7		8 (71341) 2-14-96 № 3 кабинет	8 (71341) 2-8 (71341) 2-14-93
8	Мәртөк ауданы бойынша салық басқармасы	Мәртөк кенті, Мазков к-сі, 6		8(71331) 3-15-50 № 1 кабинет	8 (71331) 2-8 (71331) 3-13-54
9	Мұғалжар ауданы бойынша салық басқармасы	Қандыағаш қ., Жамбыл к-сі, 68А		8 (71333) 3-63-43 № 1 кабинет	8 (71333) 3-8 (71333) 3-8 (71333) 3-63-44
10	Темір ауданы бойынша салық басқармасы	Шұбарқұдық кенті, Желтоқсан к-сі, 4		8 (71346) 2-27-53 № 1 кабинет	8 (71346) 2-8 (71346) 2-27-33
11	Ойыл ауданы бойынша салық басқармасы	Ойыл ауылы, Көкжар к-сі, 47		8 (71332) 2-18-53 № 6 кабинет	8 (71332) 2-8 (71332) 2-18-33
12	Хромтау ауданы бойынша салық басқармасы	Хромтау қ., Жамбыл к-сі, 38		8 (71336) 2-18-33 № 13 кабинет	8 (71336) 2-8 (71336) 2-10-13



13	Шалқар ауданы бойынша салық басқармасы	Шалқар қ., Е. Көтібарұлы к-сі, 70		8 (71335) 6-15-24 № 1 кабинет	8 (71335) 2-16-39
14	Ақтөбе қаласы бойынша салық басқармасы	Ақтөбе қ., Маресьев к-сі, 97		8 (7132) 59-52-28 № 1 кабинет	8 (7132) 56-88 8 (7132) 55-55 8 (7132) 55-55 8 (7132) 56-88 8 (7132) 56-76-88
Алматы облысы					
1	Алматы облысы бойынша салық департаменті – өкілдік	Алматы қ., Мира–Шевченко к-сі, 67а	www.taxalmaty.kz	8 (7272) 72-78-99 № 41 кабинет	8 (7272) 72-53 8 (7272) 72-72-53
2	Алматы облысы бойынша салық департаменті	Талдықорған қ., Жансүгіров к-сі, 113 А		8 (7282) 27-23-93 № 402 кабинет	8 (7282) 24-05-79
3	Алакөл ауданы бойынша салық басқармасы	Үшарал қ., Қонаев к-сі, 68		8 (72833) 2-17-92 № 1 кабинет	8 (72832) 2-15-12
4	Ақсу ауданы бойынша салық басқармасы	Жансүгіров ауылы, Желтоқсан к-сі, 5		8 (72832) 2-21-66 № 3 кабинет	8 (72833) 2-11-67
5	Балқаш ауданы бойынша салық басқармасы	Бақанас ауылы, Қонаев к-сі, 75		8 (72773) 9-13-33 № 1 кабинет	8 (72773) 9-14-47
6	Талдықорған қаласы бойынша салық басқармасы	Талдықорған қ., Жансүгіров к-сі, 113 А		8 (7282) 24-51-67 № 201 кабинет	8 (72772) 4-71-54
7	Қапшағай қаласы бойынша салық басқармасы	Қапшағай қ., Сидранск к-сі, 1		8 (72772) 4-12-05 № 7 кабинет	8 (72835) 4-39-41
8	Текелі қаласы бойынша салық басқармасы	Текелі қ., Тәуелсіздік к-сі, 10		8 (72835) 4-25-18 № 1 кабинет	8 (7282) 24-45-88
9	Еңбекшіқазақ ауданы бойынша салық басқармасы	Есік қ., Алтын Адам аллеясы, 155		8 (72775) 4-20-68 № 1 кабинет	8 (72775) 4-24-06
10	Ескелді ауданы бойынша салық басқармасы	Қарабұлақ қ., Сәтбаев к-сі, 65		8 (72836) 3-03-90 № 1 кабинет	8 (72836) 307
11	Жамбыл ауданы бойынша салық басқармасы	Ұзынағаш ауылы, Мәжитов к-сі, 10		8 (72770) 2-17-17 № 21 кабинет	8 (72770) 2-23-87
12	Іле ауданы бойынша салық басқармасы	Өтеген батыр кенті, Титов к-сі, 9а		8 (7272) 51-74-60 8 (72752) 2-22-73 № 4 кабинет	8 (72773) 9-14-47
13	Қарасай ауданы бойынша салық басқармасы	Қаскелең қ., Тәуелсіздікке 10 жыл к-сі, 54 «а»		8 (72771) 2-17-55 № 3 кабинет	8 (72771) 2-23-39
14	Қаратал ауданы бойынша салық басқармасы	Үштөбе қ., Абылайхан к-сі, 14		8 (72834) 2-17-86 № 3 кабинет	8 (72834) 2-14-07
15	Кербұлақ ауданы бойынша салық басқармасы	Сарыөзек кенті, Б.Момышұлы к-сі, 12		8 (72840) 3-12-09 № 31 кабинет	8 (72840) 3-26-58

16	Көксу ауданы бойынша салық басқармасы	Балпық би кенті, Измаилов к-сі, 6		8 (72838) 2-02-15 № 201 кабинет	8 (72838) 2-15-66
17	Панфилов ауданы бойынша салық басқармасы	Жаркент к., Масанчи к-сі, 17 «А»		8 (72831) 5-13-31 № 3 кабинет	8 (72831) 5-34-95
18	Райымбек ауданы бойынша салық басқармасы	Кеген ауылы, Б.Момышұлы к-сі, 19«а»		8 (72777) 2-12-28 № 2 кабинет	8 (72777) 2-19-85
19	Сарқант ауданы бойынша салық басқармасы	Сарқант к., Тәуелсіздік к-сі, 115		8 (72839) 2-14-33 № 15 кабинет	8 (72839) 2-18-46
20	Талғар ауданы бойынша салық басқармасы	Талғар қ., Бокин к-сі, 30		8 (7272) 95-63-44 № 301 кабинет	8 (7272) 95-65-74
21	Ұйғыр ауданы бойынша салық басқармасы	Шонжы ауылы, Құдайбергенов к-сі, 60		8 (72778) 3-32-57 № 3 кабинет	8 (72778) 2-15-05
Атырау облысы					
1	Атырау облысы бойынша салық департаменті	Атырау қ., Азаттық даң., 94 А	www.taxatyrau.kz	8 (7122) 45-15-77 № 50 кабинет	8 (7122) 45-15-71
2	Атырау қаласы бойынша салық басқармасы	Атырау қ., Азаттық даң., 94 А		8 (7122) 45-15-59 операциялық зал: 1 қабат, № № 3, 4 терезе	8 (7122) 45-15-64
3	Жылыой ауданы бойынша салық басқармасы	Құлсары к., Махамбет Өтемісұлы к-сі, 7		8 (71237) 5-21-37 № 2 кабинет	8 (71234) 2-03-31
4	Индер ауданы бойынша салық басқармасы	Индер кенті, Қонаев к-сі, 14		8 (71234) 2-03-10 № 6 кабинет	8 (71237) 5-25-47
5	Исатай ауданы бойынша салық басқармасы	Аққыстау ауылы, Егемен Қазақстан к-сі, 9		8 (71231) 2-13-27 № 1 кабинет	8 (71231) 2-14-04
6	Құрманғазы ауданы бойынша салық басқармасы	Ганюшкино ауылы, Х. Испуллаев к-сі, 66		8 (71233) 2-01-11 № 1 кабинет	8 (71233) 2-10-42
7	Қызылқоға ауданы бойынша салық басқармасы	Миялы ауылы, Ө.Молдағұлова к-сі, 1		8 (71238) 2-19-70 № 1а кабинет	8 (71238) 2-12-44
8	Мақат ауданы бойынша салық басқармасы	Мақат кенті, Сәтбаев к-сі, 18-1		8 (71239) 3-04-17 № 4 кабинет	8 (71239) 3-11-06
9	Махамбет ауданы бойынша салық басқармасы	Махамбет кенті, Абай к-сі, 13		8 (7122)305143 № 13 кабинет	8 (71236) 2-16-25
Шығыс Қазақстан облысы					
1	Шығыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Өскемен к., Пермитин к-сі, 27	www.salykvko.gov.kz	8 (7232) 24-06-02 № 101 кабинет	8 (7232) 70-8 (7232) 24-8 (7232) 70-8 (7232) 70-10-53

2	Абай ауданы бойынша салық басқармасы	Қарауыл ауылы, Абай к-сі, 53		8 (72252) 9-14-05 № 1 кабинет	8 (72252) 9-8 (72252) 9-11-40
3	Аягөз ауданы бойынша салық басқармасы	Аягөз қ., Абай бульвары, 52		8 (72237) 3-51-92 № 200 кабинет	8 (72237) 3-8 (72237) 3-59-11
4	Бесқарағай ауданы бойынша салық басқармасы	Бесқарағай ауылы, М.Әуезов к-сі, 39		8 (72336) 9-05-91 № 2 кабинет	8 (72236) 9-8 (72236) 9-18-83
5	Бородулиха ауданы бойынша салық басқармасы	Бородулиха ауылы, Мир тұйық көшесі, 3		8 (72351) 2-10-88 № 6 кабинет	8 (72351) 2-8 (72351) 2-8 (72351) 2-12-72
6	Курчатов қаласы бойынша салық басқармасы	Курчатов қ., Құнанбай к-сі, 9		8 (72251) 2-37-98 № 2 кабинет	8 (72251) 2-8 (72251) 2-37-79
7	Риддер қаласы бойынша салық басқармасы	Риддер қ., Тоқтаров к-сі, 6		8 (72336) 4-24-86 № 1 кабинет	8 (72336) 4-8 (72336) 4-28-53
8	Семей қаласы бойынша салық басқармасы	Семей қ., Абай алаңы, 3		8 (7222) 56-79-31 № 3 кабинет	8 (7222) 52-8 (7232) 70-10-94
9	Өскемен қаласы бойынша салық басқармасы	Өскемен қ., Тәуелсіздік даң., 86		8 (7232) 75-38-96 операциялық зал: 1 қабат, № 1 терезе	8 (7232) 75-8 (7232) 75-8 (7232) 22-8 (7232) 75-41-20
10	Глубокое ауданы бойынша салық басқармасы	Глубокое кенті, Пирогов к-сі, 19		8 (72331) 2-21-00 № 1 кабинет	8 (72331) 2-8 (72331) 2-8 (72331) 2-13-89
11	Жарма ауданы бойынша салық басқармасы	Қалбатау ауылы, Достық к-сі, 94		8 (72347) 6-58-59 № 1 кабинет	8 (72347) 6-8 (72347) 6-8 (72347) 6-8 (72347) 6-58-52
12	Зайсан ауданы бойынша салық басқармасы	Зайсан қ., Победа к-сі, 6		8 (72340) 2-51-90 № 1 кабинет	8 (72340) 2-8 (72340) 2-8 (72340) 2-19-58
13	Зырян ауданы бойынша салық басқармасы – Зырян қ.	Зырян қ., Стахановская к-сі, 11		8 (72335) 6-13-84 № 8 кабинет	8 (72335) 6-8 (72335) 6-8 (72335) 6-8 (72335) 6-23-05
14	Катонқарағай ауданы бойынша салық басқармасы	Үлкен Нарын ауылы, Амангелді к-сі, 61		8 (72341) 2-23-07 № 1 кабинет	8 (72341) 2-8 (72341) 2-8 (72341) 2-10-08
15	Көкпекті ауданы бойынша салық басқармасы	Көкпекті ауылы, Аухадиев к-сі, 27		8 (72348) 2-72-81 № 207 кабинет	8 (72348) 2-8 (7232) 70-12-89
16	Күршім ауданы бойынша салық басқармасы	Күршім ауылы, Бунтовский к-сі, 2		8 (72339) 2-20-20 № 1 кабинет	8 (72339) 3-8 (7232) 70-12-29
17	Тарбағатай ауданы бойынша салық басқармасы	Ақсуат ауылы, Абылайхан к-сі, 9		8 (72346) 2-11-33 № 1 кабинет	8 (72346) 2-16-91 72346) 2-13-92 8 (72346) 2-16-80
18	Ұлан ауданы бойынша салық басқармасы	К.Кайсенов кенті, 21		8 (72338) 2-74-32 № 1 кабинет	8 (72338) 2-8 (72338) 2-75-70

19	Үржар ауданы бойынша салық басқармасы	Үржар ауылы, Фрунзе көшесі, 10		8 (72230) 3-34-19 № 100 кабинет	8 (72230) 3-8 (72230) 3-35-62
20	Шемонаиха ауданы бойынша салық басқармасы	Шемонаиха к., П.Морозов к-сі, 43		8 (72332) 3-21-00 № 204 кабинет	8 (72332) 3-8 (7232) 70-12-48
Жамбыл облысы					
1	Жамбыл облысы бойынша салық департаменті	Тараз қ, Төле би даң., 36	www.taxtaraz.kz	8 (7262) 45-25-6 1 8 (7262) 45-71-43 № 203 кабинет	8 (7262) 45-8 (7262) 56-85-42
2	Тараз қаласы бойынша салық басқармасы	Тараз қ, Қолбасшы Қойгелді к-сі, 188		8 (7262) 43-17-78 № 201 кабинет	8 (7262) 49-52-60
3	Жамбыл ауданы бойынша салық басқармасы	Аса ауылы, Төле би к-сі, 205		8 (726 33) 2-17-33 № 1 кабинет	8 (7262) 2-8 (7262) 56-85-64
4	Жуалы ауданы бойынша салық басқармасы	Б.Момышұлы ауылы, Энергетиктер к-сі, 1		8 (72635) 2-13-56 № 1 кабинет	8 (72635) 5-8 (72635) 2-13-73
5	Қордай ауданы бойынша салық басқармасы	Қордай ауылы, Домалақ Ана к-сі, 207		8 (72636) 2-12-31 № 1 кабинет	8 (72636) 4-8 (72636) 2-12-77
6	Т. Рысқұлов атындағы ауданы бойынша салық басқармасы	Құлан ауылы, Жібек Жолы к-сі, 187		8 (72631) 2-23-35 № 1 кабинет	8 (72631) 2-8 (7262) 56-8715
7	Мерке ауданы бойынша салық басқармасы	Мерке ауылы, М. Маметов к-сі, 2		8 (72632) 2-26-61 № 1 кабинет	8 (72632) 2-20-95
8	Мойынқұм ауданы бойынша салық басқармасы	Мойынқұм ауылы, Б.Омаров к-сі, 6		8 (72642) 2-46-78 № 2 кабинет	8 (72642) 2-8 (72642) 2-42-59
9	Сарысу ауданы бойынша салық басқармасы	Жаңатас к., 1 ш.а., 18		8 (726 34) 6-33-36 № 2 кабинет	8 (72634) 6-8 (7262) 56-85-94
10	Байзақ ауданы бойынша салық басқармасы	Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр к-сі, 100		8 (72637) 2-11-25 № 3 кабинет	8 (7262) 56-8 (72637) 2-30-62
11	Талас ауданы бойынша салық басқармасы	Қаратау к., Ә.Молдағұлова к-сі, 26		8 (72644) 6-22-03 № 1 кабинет	8 (72644) 6-10-60
12	Шу ауданы бойынша салық басқармасы	Төле би ауылы, Әубәкіров к-сі, 32		8 (72638) 3-15-40 № 206 кабинет	8 (72638) 3-8 (7262) 56-86-24
Батыс Қазақстан облысы					
1	Батыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Орал қаласы, Некрасов к-сі, 30/1	www.taxwest.kz	8 (7112) 50-39-23 № 100 кабинет	
2	Орал қаласы бойынша салық басқармасы	Орал қаласы, Некрасов к-сі, 30/1		8 (7112) 50-75-11 № 16 кабинет	8 (7112) 50-8 (7112) 50-54-78

3	Ақжайық ауданы бойынша салық басқармасы	Чапаев ауылы, Әбілхайырхан к-сі, 57		8 (71136) 9-11-66 № 1 кабинет	8 (71136) 9-21-92
4	Бөкейорда ауданы бойынша салық басқармасы	Сайхин ауылы, Берғалиев к-сі, 1		8 (71140) 2-11-61 № 1 кабинет	8 (71140) 2-8 (71140) 2-12-33
5	Бөрлі ауданы бойынша салық басқармасы	Ақсай қ., 2 ш.а., 7/1		8 (71133) 3-10-26 № 30 кабинет	8 (71133) 3-8 (71133) 3-10-27
6	Жаңғалы ауданы бойынша салық басқармасы	Жаңақала ауылы, Халықтар достығы к-сі, 44		8 (71141) 2-18-79 № 10 кабинет	8 (71135) 2-8 (71135) 2-11-66
7	Жәнібек ауданы бойынша салық басқармасы	Жәнібек ауылы, Ғ. Қараш к-сі, 63		8 (71135) 2-11-66 № 6 кабинет	8 (71141) 2-8 (71141) 2-18-80
8	Зеленов ауданы бойынша салық басқармасы	Переметный ауылы, Мирный тұйық көшесі, 5		8 (71130) 22232 № 7 кабинет	8 (71130) 2-8 (71130) 2-26-77
9	Казталов ауданы бойынша салық басқармасы	Казталов ауылы, Шарафутдинов к-сі, 2		8 (71144) 3-15-63 № 6 кабинет	8 (71144) 3-8(71144) 3-11-03
10	Қаратөбе ауданы бойынша салық басқармасы	Қаратөбе ауылы, Ғ. Құрманғалиев к-сі, 19		8 (71145) 3-14-90 № 22 кабинет	8 (71145) 3-8 (71145) 3-12-83
11	Сырым ауданы бойынша салық басқармасы	Жымпиты ауылы, Қазақстан к-сі, 8		8 (71134) 3-11-28 № 1 кабинет	8 (71134) 2-8 (71134) 3-11-23
12	Тасқала ауданы бойынша салық басқармасы	Тасқала ауылы, Абай к-сі, 3		8(71139)2-13 36 № 1 кабинет	8 (71139) 2-8(71139) 2-16-36
13	Теректі ауданы бойынша салық басқармасы	Федоров ауылы, Юбилейная к-сі, 16		8 (71132) 2-19-94 № 1 кабинет	8 (71132) 2-8 (71132) 2-10-35
14	Шыңғырлау ауданы бойынша салық басқармасы	Шыңғырлау ауылы, Клышев к-сі, 87		8 (71137) 33654 № 4 кабинет	8 (71137) 3-8 (71137) 3-31-10
<b>Қарағанды облысы</b>					
1	Қарағанды облысы бойынша салық департаменті	Қарағанды қ., Чкалов к-сі, 3	<a href="http://www.nalog.karaganda.kz">www.nalog.karaganda.kz</a>	8 (7212) 41-09-48 № 104 кабинет	8 (7212) 41-8 (7212) 50-39-68
2	Абай ауданы бойынша салық басқармасы	Абай қаласы, Курчатов к-сі, 41		8 (72131) 4-37-87 № 22 кабинет	8 (72131) 4-8 (72131) 4-35-98
3	Ақтоғай ауданы бойынша салық басқармасы	Ақтоғай ауылы, Абай к-сі, 5		8 (71037) 2-15-46 № 1 кабинет	8 (71037) 2-12-70
4	Бұқар жырау ауданы бойынша салық басқармасы	Ботақара кенті, Абылайхан к-сі, 39А		8 (72154) 2-11-91 № 1 кабинет	8 (72154) 2-8 (72154) 2-20-77
5	Балқаш қаласы бойынша салық басқармасы	Балқаш қ., Ленин к-сі, 45А		8 (71036) 4-25-71 № 210 кабинет	8 (71036) 4-8 (71036) 4-23-32
6	Жезқазған қаласы бойынша салық басқармасы	Жезқазған қ., Мир к-сі, 26		8 (7102) 73-62-04 № 5 кабинет	8 (7102) 73-8 (7102) 73-73-56

7	Қаражал қаласы бойынша салық басқармасы	Қаражал қ., Тойымбеков к-сі, 2А		8 (7212) 44-14-99 № 409 кабинет	8 (71032) 2-8 (71032) 2-62-46
8	Приозерск қаласы бойынша салық басқармасы	Приозерск қ., Пушкин к-сі, 6		8 (71032) 2-62-68 № 5 кабинет	8 (71039) 53644
9	Саран қаласы бойынша салық басқармасы	Саран қ., Победа к-сі, 33		8 (71039) 5-43-72 № 1 кабинет	8 (72137) 2-55-06
10	Сәтбаев қаласы бойынша салық басқармасы	Сәтбаев қ., Мұратбаев к-сі, 10		8 (72137) 2-51-70 № 12 кабинет	8 (71063) 4-8 (71063) 7-29-54
11	Теміртау қаласы бойынша салық басқармасы	Теміртау қ., Тәуелсіздік к-сі, 9		8 (71063) 7-46-05 № 209 кабинет	8 (7213) 92-8 (7213) 92-30-48
12	Шахтинск қаласы бойынша салық басқармасы	Шахтинск қ., Парковая к-сі, 11		8-(7213) 92-30-93 операциялық зал: 1 қабат, № 8 терезе 8 (7213) 92-25-05 № 202 кабинет	8 (72156) 5-8 (72156) 5-18-58
13	Жаңаарқа ауданы бойынша салық басқармасы	Атасу кенті, Тәуелсіздік даң., 4		8 (72156) 5-17-07 № 201 кабинет	8 (71030) 2-60-76
14	Қарқаралы ауданы бойынша салық басқармасы	Қарқаралы қ., Т.Әубәкіров к-сі, 19А		8 (71030) 2-79-38 № 1 кабинет	8 (72146) 3-8 (72146) 3-14-75
15	Нұра ауданы бойынша салық басқармасы	Киев кенті, Абай к-сі, 50		8 (72146) 3-24-86 № 3 кабинет	8 (72144) 2-8 (72144) 2-25-94
16	Октябрь ауданы бойынша салық басқармасы	Қарағанды қ., 21 ш.а, 4/1		8 (72144) 2-22-84 № 206 кабинет	8 (7212) 53-16-19
17	Осакаров ауданы бойынша салық басқармасы	Осакаров кенті, Литвинская к-сі, 118		8 (7212) 53-15-75 № 101 кабинет	8 (72149) 4-21-51 72149) 4-22-01
18	Қазыбек би атындағы ауданы бойынша салық басқармасы	Қарағанды қ., Ермеков к-сі, 73		8 (72149) 4-16-70 № 1 кабинет	8 (7212) 44-8 (7212) 44-15-17
19	Ұлытау ауданы бойынша салық басқармасы	Ұлытау ауылы, Абай к-сі, 36		8 (7212) 44-15-20 № 109 кабинет	8 (71035) 2-8 (71035) 2-11-91
20	Шет ауданы бойынша салық басқармасы	Ақсу-Аюлы кенті, Шортанбай к-сі, 12		8 (71035) 2-14-79 № 9 кабинет	8 (71031) 2-11-09
Қостанай облысы					
1	Қостанай облысы бойынша салық департаменті	Қостанай қ., Майлин к-сі, 2	www.taxkostanay.kz	8 (7142) 53-54-05 № 103 кабинет	8 (7142) 53-8 (7142) 53-73-88
2	Алтынсары ауданы бойынша салық басқармасы	Обаған ауылы, Дружбы народов мира к-сі, 5		8 (71445) 3-42-12 № 1 кабинет	8 (71445) 3-8 (71445) 3-41-76

3	Амангелді ауданы бойынша салық басқармасы	Амангелді ауылы, Майлин к-сі, 46		8 (71440) 2-18-63 № 3 кабинет	8 (71440) 2-8 (71440) 2-14-56
4	Әулікөл ауданы бойынша салық басқармасы	Әулікөл ауылы, Сьянов к-сі, 43		8 (71453) 2-10-74 № 10 кабинет	8 (71453) 2-8 (71453) 2-10-24
5	Арқалық қаласы бойынша салық басқармасы	Арқалық қ., Абай даң., 29		8 (71430) 7-09-29 № 410 кабинет	8 (71430) 7-8 (71430) 7-09-29
6	Қостанай қаласы бойынша салық басқармасы	Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 21		8 (7142) 28-65-22 № 307 кабинет	8 (7142) 28-8 (7142) 28-18-32
7	Лисаков қаласы бойынша салық басқармасы	Лисаков к., 4 ш.а, 25		8 (71433) 3-47-33 № 9 кабинет	8 (71433) 3-8 (71433) 3-23-47
8	Рудный қаласы бойынша салық басқармасы	Рудный қ., Парковая к-сі, 14		8 (71431) 4-33-90 № 302 кабинет	8 (71431) 4-8 (71431) 4-33-83
9	Денисов ауданы бойынша салық басқармасы	Денисов ауылы, Чапаев к-сі, 11		8 (71434) 2-14-75 № 2 кабинет	8 (71434) 2-8 (71434) 2-23-06
10	Жангелдин ауданы бойынша салық басқармасы	Торғай ауылы, Қасымхан Алтынсары к-сі, 75		8 (71439) 2-16-87 № 3 кабинет	8 (71439) 2-8 (71439) 2-16-88
11	Жітіқара ауданы бойынша салық басқармасы	Жітіқара қ., Таран к-сі, 18а		8 (71435) 2-09-96 № 10 кабинет	8 (71435) 2-8 (71435) 2-16-11
12	Қамысты ауданы бойынша салық басқармасы	Қамысты кенті, Киевская к-сі, 12		8 (71437) 2-11-60 № 4 кабинет	8 (71437) 2-8 (71437) 2-15-59
13	Қарабалық ауданы бойынша салық басқармасы	Қарабалық кенті, Ленин к-сі, 1		8 (71441) 3-21-83 № 6 кабинет	8 (71441) 3-8 (71441) 3-36-03
14	Қарасу ауданы бойынша салық басқармасы	Қарасу ауылы, А. Исаков к-сі, 73		8 (71452) 2-14-01 № 3 кабинет	8 (71452) 2-8 (71452) 2-21-71
15	Қостанай ауданы бойынша салық басқармасы	Затобол ауылы, Калинин к-сі, 78		8 (71455) 2-30-96 № 19 кабинет	8 (71455) 2-8 (71455) 2-36-76
16	Меңдіқара ауданы бойынша салық басқармасы	Боровское ауылы, Королев к-сі, 3		8 (71443) 2-21-80 № 6 кабинет	8 (71443) 2-8 (71443) 2-26-91
17	Наурызым ауданы бойынша салық басқармасы	Қараменді ауылы, Шақшақ Жәнібек к-сі, 3		8 (71454) 2-16-34 № 208 кабинет	8 (71454) 2-8 (71454) 2-15-30
18	Сарыкөл ауданы бойынша салық басқармасы	Сарыкөл ауылы, Ленин к-сі, 79		8 (71451) 2-17-44 № 9 кабинет	8 (71451) 2-8 (71451) 2-15-08
19	Таран ауданы бойынша салық басқармасы	Таран ауылы, Советская к-сі, 39		8 (71436) 3-72-37 № 7 кабинет	8 (71436) 3-8 (71436) 3-71-68
20	Ұзынкөл ауданы бойынша салық басқармасы	Ұзынкөл ауылы, Мүсірепов к-сі, 16		8 (71444) 2-11-37 № 1 кабинет	8 (71444) 2-8 (71444) 2-15-89
21	Федоров ауданы бойынша салық басқармасы	Федоров ауылы, Мелехов к-сі, 41		8 (71442) 2-19-33 № 6 кабинет	8 (71442) 2-8 (71442) 2-21-62

Қызылорда облысы

1	Қызылорда облысы бойынша салық департаменті	Қызылорда қ., Абай даң., 64 Г		8 (7242) 23-51-71 № 215 кабинет	8 (7242) 23-83-90
2	Арал ауданы бойынша салық басқармасы	Арал қ., Қ.Ерімбет к-сі, 68		8 (72433) 2-25-84 № 3 кабинет	8 (72433) 2-74-81
3	Қазалы ауданы бойынша салық басқармасы	Әйтеке би кенті, Примов к-сі, 3		8 (72438) 2-13-28 № 2 кабинет	8 (72438) 2-10-35
4	Қармақшы ауданы бойынша салық басқармасы	Жосалы кенті, Абай к-сі, 30		8 (72437) 2-13-44 № 3 кабинет	8 (72437) 2-15-86
5	Жалағаш ауданы бойынша салық басқармасы	Жалағаш кенті, Желтоқсан к-сі, 28		8 (72431) 3-12-88 № 3 кабинет	8 (72431) 3-16-88
6	Сырдария ауданы бойынша салық басқармасы	Тереңөзек кенті, Қазантаев к-сі, 20		8 (72436) 2-13-84 № 203 кабинет	8 (72436) 2-17-65
7	Шиелі ауданы бойынша салық басқармасы	Шиелі ауылы, Рысқұлов көшесі, 12		8 (72432) 4-29-47 № 1 кабинет	8 (72432) 4-19-74
8	Жаңақорған ауданы бойынша салық басқармасы	Жаңақорған кенті, М.Көкенов к-сі, 58		8 (72435) 2-20-64 № 1 кабинет	8 (72435) 2-20-24
9	Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы	Қызылорда қаласы, Абай даң., 64 Г		8 (7242) 30-18-53 № 410 кабинет	8 (7242) 30-23-56-05

Маңғыстау облысы

1	Маңғыстау облысы бойынша салық департаменті	Ақтау қ., 4 ш.а., 12		8 (7292) 33-66-77 № 1 кабинет	8 (7292) 33-67-05
2	Жаңаөзен қаласы бойынша салық басқармасы	Жаңаөзен қ., Сарбөпеев к-сі, 15		8(72934)3 -11-33 № 2 кабинет	8 (72934) 33-32-0-17
3	Бейнеу ауданы бойынша салық басқармасы	Бейнеу ауданы, М.Бегенов к-сі, 7		8 (72932) 2-11-7 0 8 (72932) 2-10-59 № 1 кабинет	8 (72932) 2-11-38
4	Маңғыстау ауданы бойынша салық басқармасы	Шетпе ауылы, Привокзальная к-сі		8 (72931) 2-17-1 3 8 (72931) 2-12-83 № 1 кабинет	8 (72931) 2-17-75
5	Қарақия ауданы бойынша салық басқармасы	Құрық ауылы, Ардагер к-сі, 5		8 (72937) 79-207 8 (72937) 2-16-68 № 3 кабинет	8 (72937) 2-12-43
6	Түпқараған ауданы бойынша салық басқармасы	Форт-Шевченко қ., Оңғалбаев к-сі, 13		8 (72938) 2-22-23 № 1 кабинет	8 (72938) 2-24-55
7	Мұнайлы ауданы бойынша салық басқармасы	Маңғыстау ауылы, Қоғамдық бірлестік үйі, ХҚО ғимараты, 4 қабат		8 (7292) 34-50-36 № 2 кабинет	8 (7292) 34-50-36
8	«Ақтау теңіз порты» салық басқармасы	Ақтау қ., 4 ш.а., 12		8(7292) 30-12-11 № 1 кабинет	8 (7292) 30-12-11

Павлодар облысы

--	--	--	--	--	--



1	Павлодар облысы бойынша салық департаменті	Павлодар қ., Ленин к-сі, 57		8 (7182) 53-57-56 № 102 кабинет	8 (7182) 32-8 (7182) 32-58-89
2	Ақсу қаласы бойынша салық басқармасы	Ақсу қ., Дөнентаев к-сі, 50		8 (71837) 6-53-26 № 301 кабинет	8 (71837) 6-8 (71837) 6-51-14
3	Павлодар қаласы бойынша салық басқармасы	Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5		8 (7182) 32-48-85 № 209 кабинет	8 (7182) 32-8 (7182) 32-39-55
4	Екібастұз қаласы бойынша салық басқармасы	Екібастұз қ., Машхур Жусуп к-сі, 94		8 (7187) 77-16-65 операциялық зал: 1 қабат, № 1 терезе	8 (7187) 77-8 (7187) 77-16-35
5	Ақтоғай ауданы бойынша салық басқармасы	Ақтоғай ауылы, Абай к-сі, 118/1		8 (71841) 2-19-64 № 1 кабинет	8 (71841) 2-8 (71841)65-02-53
6	Баянауыл ауданы бойынша салық басқармасы	Баянауыл ауылы, Жарылғапберді к-сі, 12		8 (71840) 9-17-97 № 2 кабинет	8 (71840) 9-8 (71840)65-02-96
7	Железин ауданы бойынша салық басқармасы	Железин ауылы, Квитков к-сі, 2		8 (71831) 2-23-81 № 102 кабинет	8 (71831) 2-8 (71831) 65-02-97
8	Ертіс ауданы бойынша салық басқармасы	Ертіс ауылы, Иса Байзақов к-сі, 11		8 (71832) 2-18-72 № 1 кабинет	8 (71832) 2-8 (71832) 65-02-98
9	Қашыр ауданы бойынша салық басқармасы	Тереңкөл ауылы, Целинная к-сі, 167		8 (71833) 2-21-08 № 6 кабинет	8 (71833) 2-8 (71833) 65-02-99
10	Лебяжі ауданы бойынша салық басқармасы	Ақку ауылы, Иванов к-сі, 95		8 (71839) 2-21-08 № 1 кабинет	8 (71839) 2-8 (71839) 65-02-86
11	Май ауданы бойынша салық басқармасы	Көктөбе ауылы, Абылайхан к-сі, 30		8 (71838) 9-11-02 № 13 кабинет	8 (71838) 9-8 (71838) 65-02-87
12	Павлодар ауданы бойынша салық басқармасы	Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5а		8 (7182) 32-59-19 № 301 кабинет	8 (7182) 32-8 (7182) 32-40-62
13	Успен ауданы бойынша салық басқармасы	Успен ауылы, Терешкова к-сі, 24		8 (71834) 9-11-86 № 1 кабинет	8 (71834) 9-8 (71834) 65-02-89
14	Шарбақты ауданы бойынша салық басқармасы	Шарбақты ауылы, Чайко к-сі, 56		8 (71836) 2-18-71 № 1 кабинет	8 (71836) 2-15-8 (71836) 65-02-64
Солтүстік Қазақстан облысы					
1	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Петропавл қ., Сүтішев к-сі, 56а	www.salyksko.kz	8 (7152) 46-66-09 № 102 кабинет	8 (7152) 46-8 (7152) 36-52-31
2	Қызылжар ауданы бойынша салық басқармасы	Бескөл ауылы, Гагарин к-сі, 8		8 (71538) 2-18-80 № 8 кабинет	8 (71538) 2-19-46
3	М. Жұмабаев атындағы аудан бойынша салық басқармасы	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 31		8 (71531) 2-28-67 № 4 кабинет	8 (71531) 2-10-76
4	Жамбыл ауданы бойынша салық басқармасы	Преснов кенті, Дружба к-сі, 1а		8 (71544) 2-15-36 № 3 кабинет	8 (71544) 2-15-61

5	Есіл ауданы бойынша салық басқармасы	Явленка ауылы, Ыбыраев к-сі, 11		8 (71543) 2-14-45 № 1 кабинет	8 (71543) 2-14-72
6	Мамлют ауданы бойынша салық басқармасы	Мамлют қ., Ленин к-сі, 40		8 (71541) 2-12-08 № 14 кабинет	8 (71541) 2-14-89
7	Шал Ақын ауданы бойынша салық басқармасы	Сергеев қ., Первомайская к-сі, 33		8 (71534) 2-17-24 № 3 кабинет	8 (71534) 2-17-08
8	Аққайың ауданы бойынша салық басқармасы	Смирново ауылы, Зеленая к-сі, 28		8 (71532) 2-14-05 № 8 кабинет	8 (71532) 2-19-36
9	Тимирязев ауданы бойынша салық басқармасы	Тимирязев ауылы, Горький к-сі, 34		8 (71537) 2-13-40 № 7 кабинет	8 (71537) 2-13-03
10	Айыртау ауданы бойынша салық басқармасы	Саумалкөл ауылы, Матросов к-сі, 19		8 (71533) 2-19-50 № 3 кабинет	8 (71533) 2-22-64
11	Ақжар ауданы бойынша салық басқармасы	Талшық кенті, Абылайхан к-сі, 3		8 (71546) 2-13-67 № 1 кабинет	8 (71546) 2-11-54
12	Тайынша ауданы бойынша салық басқармасы	Тайынша қ., Красноармейская к-сі, 170		8 (71536) 2-27-04 № 201 кабинет	8 (71536) 2-11-45
13	Ғ.Мүсірепов атындағы аудан бойынша салық басқармасы	Новоошимский кенті, Абылайхан к-сі, 63		8 (71535) 2-04-58 № 1 кабинет	8 (71542) 2-11-35
14	Уәлихан ауданы бойынша салық басқармасы	Кішкенекөл ауылы, Гагарин к-сі, 76		8 (71542) 2-15-83 № 3 кабинет	8 (71535) 2-04-65
Оңтүстік Қазақстан облысы					
1	Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Шымкент қ., Б.Момышұлы көшесі, 27	www.naloguko.shym.kz	8(7252) 23-29-01 № 201 кабинет	8 (7252) 30-8 (7252) 23-13-77
2	Бәйдібек ауданы бойынша салық басқармасы	Шаян ауылы, Қарашаұлы к-сі, 87		8 (72548) 2-14-62 № 1 кабинет	8 (72548) 2-8 (72548) 2-18-05
3	Қазығұрт ауданы бойынша салық басқармасы	Қазығұрт ауылы, Тұтқабаев к-сі, 2		8 (72539) 2-11-44 № 10 кабинет	8 (72539) 2-8 (72539) 2-16-19
4	Мақтаарал ауданы бойынша салық басқармасы	Жетісай қ., Қожанов к-сі, 3		8 (72534) 6-51-96 № 200 кабинет	8 (72534) 6-54 8 (72534) 6-59-50
ҚҚС бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызметтер алған кезде төлеуге жататын ҚҚС есебіне, импортталатын тауарларға ҚҚС есебіне; салық төлеушінің басқа да салық, төлемақы түрлері бойынша; салық төлеушінің ҚҚС, салық және төлемақының басқа түрлері бойынша салық берешегі болмаған жағдайда заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің басқа да салық және төлемақы түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне қосылған құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) асып кетуінің сомасын есепке ж а т қ ы з у ;

2) ҚҚС асып кетуін салық берешегі болмаған жағдайда салықтардың, төлемақылардың түрлері бойынша (талап еткенде) алдағы төлемдер есебіне е с е п к е ж а т қ ы з у ;

3) Салық кодексінде көзделген ҚҚС бойынша асып кетуді қайтару мерзімі ішінде салық берешегі болмаған жағдайда қалған ҚҚС асып кетуі сомасын салық төлеушінің банктік шотына қайтару;

4) Орталықтың мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тартуы; грант есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген ҚҚС қайтару кезінде:

1 ) м ы н а л а р :

ҚҚС бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызметтер алған кезде төлеуге жататын ҚҚС есебіне, импортталатын тауарларға ҚҚС есебіне; салық төлеушінің басқа да салық, төлемақы түрлері бойынша; салық төлеушінің ҚҚС, салық және төлемақының басқа түрлері бойынша салық берешегі болмаған жағдайда заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің басқа да салық және төлемақы түрлері бойынша қолда бар салық берешегін өтеу есебіне ҚҚС асып кетуінің сомасын есепке жатқызу (қайтару);

2) ҚҚС сомасын салық берешегі болмаған жағдайда салықтардың, төлемақылардың түрлері бойынша (талап еткенде) алдағы төлемдер есебіне е с е п к е ж а т қ ы з у ( қ а й т а р у ) ;

3) грант алушыға немесе орындаушыға есепке жатқызулар жүргізілгеннен кейін оның банктік шотына қайтаруға жататын қалған ҚҚС сомасын қайтару;

4) Орталықтың мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тартуы; өкілдіктерге және өкілдіктің персоналына ҚҚС қайтару кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының банктерінде ашылған өкілдіктердің және (немесе) өкілдіктер персоналының тиісті шоттарына ҚҚС қайтару;

2) Орталықтың мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тартуы;

резидент емес үшін төлеуге жататын ҚҚС есебіне есепке жатқызу жолымен  
Қ Қ С қ а й т а р у к е з і н д е :

1) белгіленген нысан бойынша ҚҚС асып кетуін есепке жатқызу жүргізілгені  
т у р а л ы р а с т а у д ы б е р у ;

2) Орталықтың мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тартуы  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет мынадай тұлғаларға (бұдан әрі – алушы):

1) ҚҚС асып кетуі туындаған ҚҚС төлеушіге;

2) Қазақстан Республикасына грант беру туралы халықаралық шартқа сәйкес  
бенефициар болып табылатын және егер аталған Қазақстан Республикасының  
халықаралық шартында өзгеше көзделмесе орындаушыны тағайындайтын грант  
а л у ш ы м е м л е к е т т і к о р г а н ғ а ;

3) грантты іске асыру үшін грант алушы болып тағайындалған орындаушы  
т ұ л ғ а ғ а ;

4) Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға  
теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктеріне, шет мемлекеттердің консулдық  
мекемелеріне (бұдан әрі - өкілдіктер) көрсетіледі. Өкілдіктердің тізбесін  
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі бекіткен;

5) олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда,  
әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдарға (бұдан әрі - персонал),  
олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды  
адамдарға, консулдық қызметшілерге көрсетіледі.

7. Орталықта мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) салық кезеңі ішінде өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда  
кемінде 70 пайызды құрайтын нөлдік ставка бойынша салық салынатын  
айналымдарды жүзеге асыратын алушыға ҚҚС асып кетуін қайтару – алушы осы  
стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды берген күнінен  
б а с т а п 60 ж ұ м ы с кү н і і ш і ;

салық кезеңі ішінде өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда 70  
пайыздан азын құрайтын нөлдік ставка бойынша салық салынатын  
айналымдарды жүзеге асыратын алушыға ҚҚС асып кетуін қайтару – алушы осы  
стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды берген күнінен  
б а с т а п кү н т і з б е л і к 180 кү н і ш і н д е ;

алушыға нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым бойынша ҚҚС  
қайтару - алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті  
құжаттарды берген күнінен бастап 60 жұмыс күні ішінде;

ірі салық төлеушілер мониторингінде кемінде 12 ай қатарынан тұрған және  
ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талапты көрсете отырып, ҚҚС жөніндегі  
декларацияны табыс ететін күні салық есептілігін табыс ету бойынша

орындалмаған салық міндеттемесі жоқ алушыға оңайлатылған тәртіппен ҚҚС асып кетуін қайтару – ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС жөніндегі декларацияны Орталыққа табыс ету үшін Салық кодексінде (ұзарту кезеңін есепке ала отырып) белгіленген соңғы күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде;

Салық кодексінің 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған, салық есептілігін табыс ету бойынша орындалмаған салықтық міндеттемелері жоқ алушыларға (дербес білім беру ұйымдары) оңайлатылған тәртіппен ҚҚС асып кетуін қайтару - алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды берген;

камералдық бақылау нәтижесінде ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген осы тұлғаның ҚҚС бойынша салық есептілігінде және оның тікелей өнім берушілері мен сатып алушыларының ҚҚС бойынша салық есептілігінде көрсетілген деректер арасындағы алшақтықтар анықталған алушыларға оңайлатылған тәртіппен ҚҚС асып кетуін қайтару – ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС жөніндегі декларацияны уәкілетті органға табыс ету үшін Салық кодексінде белгіленген соңғы күнінен бастап 45 жұмыс күні ішінде;

тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижесінде тәуекелдер санатына жатқызылмаған, ҚҚС асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы жоқ алушыларға оңайлатылған тәртіппен ҚҚС асып кетуін қайтару – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды берген күнінен бастап 30 жұмыс күні ішінде;

грант қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілерге төленген ҚҚС қайтару – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды берген күнінен бастап 30 жұмыс күні ішінде;

өкілдіктерге ҚҚС қайтару – салық органы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен жазбаша хабарламасы бар жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) және ҚҚС төленгенін растайтын құжаттарды алғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде.

Орталық жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) және ҚҚС төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін тексергеннен кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін ҚҚС қайтарылғаны немесе қайтарудан бас тартылғаны туралы хабарлайды;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ күту уақыты – 20 минуттан аспайды;

4) салықтық тексеру актісінің нәтижелері бойынша салықтарды, басқа да

міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды және айыппұлдарды есепке жатқызу мен қайтаруды жүргізуге салықтық өтініш табыс ету үшін мерзім – салықтық тексеру актісіне немесе актіге қорытындыға қол қойылған күнінен бастап 5 жұмыс күні і ш і н д е ;

ҚҚС асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібі кезінде салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды және айыппұлдарды есепке жатқызу мен қайтару жүргізуге салықтық өтініш табыс ету мерзімі – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу үшін Салық кодексінде белгіленген мерзімдерден кейін 1 жұмыс күні ішінде;

2009 жылдың 1 қаңтарынан кейін қалыптасқан ҚҚС асып кетуін қайтару – Салық кодексінде белгіленген талап қою мерзімі ішінде; тауарлар сатып алынған, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген тоқсан үшін қайтаруға ұсынылмаған ҚҚС сомасын қайтаруға өкілдіктің ұсынуы – Салық кодексінде белгіленген талап қою мерзімі ішінде.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Орталықтың жұмыс кестесі - еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-г е д е й і н .

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

10. Мемлекеттік қызмет мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдай көзделген, күтіп отыру және қажетті құжаттарды дайындау үшін қолайлы жағдайы бар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан күту орны бар Орталықта көрсетіледі.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет орындары және өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Орталыққа мыналарды тапсырады:

1) белгіленген нысандағы салықтық өтініш – 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін қалыптасқан ҚҚС асып кетуін қайтару, грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілерге төленген ҚҚС асып к е т у і н қ а й т а р у ү ш і н ;

2) 300.00 белгіленген нысанындағы ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап - 2009 жылдың 1 қаңтарынан кейін қалыптасқан ҚҚС асып кетуін қайтару үшін; салықтық тексеру жүргізу барысында - тауарлар экспорты бойынша нөлдік

ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын құжаттар;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін экспортталатын тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

4) кеден органының белгісі бар кедендік жүк декларациясы, 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап тауарларға декларация, 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарларды экспорт кедендік рәсімінде шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгісі бар, сондай-ақ тауарларды магистральдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша экспорт кедендік рәсімінде, кезең-кезеңдік декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт кедендік рәсімінде, уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт кедендік рәсімінде әкету жағдайларын қоспағанда, кеден одағының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден одағына мүше мемлекеттің кеден органының белгісі бар тауарларға декларацияның көшірмесі;

5) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін кеден органының белгісі бар толық кедендік жүк декларациясы, 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап тауарларға декларация, 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгісі бар тауарларға декларацияның көшірмесі (тауарларды магистральдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша экспорт кедендік рәсімінде әкету кезінде, кезең-кезеңдік декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт кедендік рәсімінде әкету кезінде, уақытша кедендік декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт кедендік рәсімінде әкету кезінде);

6) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

7) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тауарларды қабылдау-беру актісі (тауарларды магистральдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша экспорт кедендік рәсімінде әкету кезінде);

8) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқығы, сондай-ақ оның құны туралы растауы (зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда).

Салықтық тексеру жүргізу барысында - Кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімінде кеден одағының кеден аумағынан тыс жерлерге бұдан бұрын әкетілген тауарларды немесе олардың қайта өңделген өнімдерін одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда тауарлар экспорты бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растайтын мынадай құжаттар:

9) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін оған сәйкес кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімін экспорт кедендік рәсіміне өзгерту жүргізілетін

кедендік жүк декларациясы, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарларға декларацияның көшірмесі;

10) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімінде ресімделген кедендік жүк декларациясы, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарларға декларация көшірмесі;

11) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тауарларды шетел мемлекетінің аумағына әкелу кезінде кеден аумағында қайта өңдеу (ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу) кедендік рәсімінде ресімделген, осындай ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы куәландырған кедендік жүк декларациясының көшірмесі, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларға декларацияның көшірмесі;

12) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін оған сәйкес шетел мемлекетінің аумағында ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін шетел мемлекетінің аумағына ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне немесе экспорт кедендік рәсіміне ауыстыру жүргізілген кедендік жүк декларациясының көшірмесі, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларға декларация көшірмесі;

салықтық тексеру жүргізу барысында - 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және қаржы ұйымдарына алушылар (Қазақстан Республикасының резиденттері) тазартылған қымбат бағалы металдарды – өз өндірісінің шикізатынан дайындалған алтынды, платинаны өткізу бойынша айналым бойынша айналымдарды растайтын нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай құжаттарды:

13) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тазартылған қымбат бағалы металдарды – өз өндірісінің шикізатынан дайындалған алтынды, платинаны жеткізуге арналған ш а р т ( к е л і с і м ш а р т );

14) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тазартылған қымбат бағалы металдарды – өз өндірісінің шикізатынан дайындалған алтынды, платинаны тиеп-жөнелтуді растайтын тауарға ілеспе құжаттарының көшірмелері;

15) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы ұйымдарының тазартылған қымбат бағалы металдарды – өз өндірісінің шикізатынан дайындалған алтынды, платинаны алғандығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

салықтық тексеру жүргізу барысында – 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне алтын шығарумен және өндірумен айналысатын салық төлеушілер алтын валюталық активтерді толтыру

үшін өз өндірісінің шикізатынан тазартылған алтын өткізуі бойынша айналымы бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай құжаттар:

16) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін салық төлеуші мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған алтын валюталық активтерді толтыру үшін тазартылған алтынды сатып алу-сатудың ортақ ережелері туралы ш а р т ;

17) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізілген тазартылған алтынның құнын растайтын құжаттардың к ө ш і р м е с і ;

18) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тазартылған алтынның қабылданғанын растайтын тазартылған алтынның саны көрсетілген құжаттардың көшірмесі;

салықтық тексеру жүргізу барысында – халықаралық тасымалдау бойынша жүктерді тасымалдау кезінде қызмет көрсетулерді өткізу айналымы бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай құжаттар:

19) тауар-көлік жүкқұжаты - ҚҚС асып кетуін қайтару үшін: алушылар жүкқұжатты халықаралық автомобиль қатынасында жүктерді тасымалдау кезінде т а б ы с е т е д і ;

20) бір үлгідегі жүкқұжат - ҚҚС асып кетуін қайтару үшін: алушылар жүкқұжатты халықаралық және мемлекетаралық қатынастарда теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде табыс етеді;

21) жүкқұжат - ҚҚС асып кетуін қайтару үшін: алушылар жүкқұжатты әуе көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде табыс етеді;

22) коносамент немесе теңіз жүкқұжаты -ҚҚС асып кетуін қайтару үшін: алушылар коносамент немесе жүкқұжатты теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау к е з і н д е т а б ы с е т е д і ;

салықтық тексеру жүргізу барысында – магистральдық құбыр жүйесі бойынша қызмет көрсетулерді өткізу айналымы бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) р а с т а й т ы н м ы н а д а й құ ж а т т а р :

23) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін есеп-қисап кезеңі үшін әрбір магистральдық құбыр бойынша тауарлардың транзиттік көлеміне арналған кедендік жүк декларациясы, 2011 жылғы қаңтардан бастап есеп-қисап кезеңі үшін экспортты кедендік рәсімде орналастырылған және ішкі тұтыну үшін шығарылған тауарларға декларация көшірмесі немесе есеп-қисап кезеңі үшін кедендік транзитті кедендік рәсімде орналастырылған тауарларға декларация;

24) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін орындалған жұмыстардың актілері,



жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері, 2011 жылдың қаңтарынан бастап аталған тауарларды одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын сатып алушы немесе басқа тұлғаға сатушыдан немесе басқа тұлғадан орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері;

25) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін шот-фактуралар; салықтық тексеру жүргізу барысында – халықаралық тасымалдау бойынша жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде қызмет көрсетулерді өткізу айналымы бойынша айналым бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай қ ұ ж а т т а р :

26) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру билеттерін сату туралы есеп, сондай-ақ жол жүру бойындағы автовокзалдар (автостанциялар) жасаған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомостары: алушылар автомобиль көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдауды тұрақты тасымалдау кезінде табыс етеді;

27) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін жолаушылардың тізімі: алушылар автомобиль көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдауды тұрақты емес тасымалдау кезінде табыс етеді;

28) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру, тасымалдау және пошта құжаттарын сату туралы есеп: алушылар теміржол көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

29) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасында сатылған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомосы: алушылар теміржол көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

30) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін теміржол әкімшіліктері арасындағы жолаушылар тасымалдау үшін өзара есеп айырысу жөніндегі баланстық ведомость және жол жүру мен тасымалдау құжаттарын ресімдеу туралы есеп: алушылар теміржол көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

31) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін бас декларация: алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

32) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін жолаушы манифесі: алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

33) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін карго-манифест: алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

34) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін лоджит (орталық-тиеу кестесі): алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

35) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін жинақтау-тиеу ведомосы (жол жүру билеті

мен багаж түбіртегі): алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

салықтық тексеру жүргізу барысында – халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне май құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізу айналымы бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р :

36) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тұрақты рейстерді жүзеге асыру кезінде - әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен жанар-жағармай материалдарын өткізуді көздейтін және (немесе) қамтитын шарты;

37) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін - шетелдік авиакомпанияның өтінімі (ол тіркелген мемлекет, әуе кемесінің болжамды қону күні көрсетіле отырып) және (немесе) әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен шарты (келісімі) – (тұрақты емес рейстерді жүзеге асыру кезінде); шетелдік әуе кемесі форс-мажорлық жағдайлар салдарынан қонған кезде өтінім толтырылмайды;

38) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін шетелдік әуе кемесіне май құюға арналған шығыс ордері немесе қойылатын талап (авиакомпания атауы, құйылған жанар-жағармай материалдарының мөлшері, әуе кемесіне май құйылған күн, әуе кемесі командирінің немесе шетелдік авиакомпания өкілінің және май құюды жүзеге асырған әуежайдың тиісті қызметі қызметкерінің қолдары);

39) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес оларға қатысты кедендік ресімдеу және кедендік бақылау көзделмеген рейстерді қоспағанда, халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік әуе кемелеріне май құйылған жағдайда - халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанар-жағармай материалдары құйылғанын растайтын, кеден органының белгісі бар көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де қ ұ ж а т т а р д ы ң кө ш і р м е л е р і ;

40) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін әуежай өткізген жанар-жағармай материалдары үшін шетелдік авиакомпанияның ақы төлеу фактісін растайтын қ ұ ж а т ;

41) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамының шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның (авиакомпаниялар болігінде) келісімімен уәкілетті орган бекіткен нысанда және

тәртіппен өткізілген жанар-жағармай материалдарының мөлшерін растайтын қ о р ы т ы н д ы с ы ;

салықтық тексеру жүргізу барысында – 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі – АЭА) аумақтарына тауарларды өткізу айналымы бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай қ ұ ж а т т а р :

42) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған айналым бойынша АЭА аумағында орналасқан салық органының сұрау салуы бойынша АЭА аумағында құрылған атқарушы орган беретін әкелінген тауарларды (жабдықтарды) әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысы барысында пайдалану туралы құжат;

43) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін арнайы экономикалық аумағында әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысын жүзеге асыратын ұйымдармен жасасқан тауарларды (жабдықтарды) жеткізуге арналған шарт ( к е л і с і м ш а р т ) ;

44) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін еркін кеден аймағы кедендік режимінде тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгісімен кедендік жүк декларациясының көшірмелері;

45) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін тауарларды тиеп-жөнелтуді растайтын тауарлардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

46) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген ұйымдардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері ;

салықтық тексеру жүргізу барысында – 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған АЭА аумақтарында тауарларды өткізу айналымы бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай құжаттар:

47) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін АЭА аумақтарында қызметті жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды жеткізу шарты (келісімшарты);

48) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса берілген тауарларға арналған декларациялардың және ( немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері ;

49) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға тауарларды тиеп-жөнелтуді растайтын тауарлардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

50) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін осы тармақтың 1) тармақшасында

көрсетілген ұйымдардың тауарларды алуын растайтын құжаттардың көшірмелері ;

салықтық тексеру жүргізу барысында – 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасы Үкіметімен концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге тауарлар өткізу бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай құжаттар:

51) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін көрсетілген салық төлеушіге тауарларды жеткізуге арналған шарт ;

52) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін көрсетілген салық төлеушіге тауарлардың тиіп-жөнелтілгенін растайтын тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

53) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін аталған салық төлеушінің тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

салықтық тексеру жүргізу барысында – Қазақстан Республикасының аумағында қызметін импортталатын тауарлар ҚҚС-нан босатылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жүзеге асыратын тауарларды өткізу бойынша салық төлеушілерге нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған жағдайда) растайтын мынадай құжаттар :

54) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін жеткізілетін тауарлардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламаларын орындауға арналғандығын көрсете отырып, осындай салық төлеушілерге тауарларды жеткізуге арналған шарт ;

55) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін осындай салық төлеушілерге тауарлар тиіп-жөнелтілгенін растайтын тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

56) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін осындай салық төлеушілердің тауарларды алғандығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

салықтық тексеру жүргізу барысында – қайтару негізіне қарай бюджеттен қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомасының дұрыстығын растайтын өзге де құжаттар:

57) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін ҚҚС есепке жатқызу үшін негіз болып табылатын құжаттар (есеп-фактура немесе онда ҚҚС бөлінген басқа да құжат). 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін фискальды жадысы бар бақылау-касса машиналарын қолдана отырып және бақылау чегін бере отырып сатып алынған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша – бақылау-касса машинасының чегінде көрсетілген салық сомасы ;

58) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін бастапқы есеп құжаттары (қағаз тасығышта, сол сияқты электрондық тасығышта оның негізінде бухгалтерлік есеп жүргізілетін операцияның жасалу немесе оқиғаның болу фактісінің және оны жасауға құқығының құжаттық куәлігі);

59) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін белгіленген нысандағы салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару жүргізуге салықтық өтініш («Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленген сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу» мемлекеттік қызмет стандартын қараңыз); алушы өтінішті қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету сомаларының дұрыстығы расталған жағдайда табыс етеді;

60) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін Қазақстан Республикасы мен шет мемлекет, шет мемлекет үкіметі не Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген халықаралық ұйым арасындағы грант беру туралы ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

61) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін грант алушы не орындаушы тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ұсынушымен жасасқан шарттың (келісімшарттың) к ө ш і р м е с і ;

62) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін ҚҚС қайтару туралы салықтық өтінішпен жүгінуі кезінде оның орындаушы ретінде тағайындалуын растайтын қ ұ ж а т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

63) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің тиіп-жөнелтілгенін және алынғанын растайтын құжат;

64) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін ҚҚС сомасын бөлек жазып көрсете отырып, алушы (ҚҚС төлеуші болып табылатын жеткізуші) жазып б е р г е н ш о т - ф а к т у р а ;

65) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін жүкқұжатты, тауар-көлік ж ү к қ ұ ж а т ы н ;

66) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін алушының (грант алушының немесе орындаушының) материалдық жауапты адамының тауарды алғанын р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т ы ;

67) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, алушы (грант алушы немесе орындаушы) орындаған және қабылдаған тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің актісі;

68) грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар,

қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару үшін тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алғаны үшін ақының төленгенін, оның ішінде ҚҚС төленгенін растайтын құжаттар;

69) алушыларға (өкілдіктерге) ҚҚС қайтару үшін белгіленген нысан бойынша Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің жиынтық ведомосі (тізілім).

Алушылар (өкілдіктер) жиынтық ведомостерді (тізілімдерді) тоқсан сайын қағаз тасығышта жасайды, мөрмен куәландырады және оған алушының (өкілдіктің) басшысы не соған уәкілеттік берілген өзге лауазымды адам:

алушы (өкілдік) персоналы мүшесінің (мүшелерінің) Қазақстан Республикасында болу мерзімі аяқталған жағдайларды қоспағанда, есепті тоқсаннан кейінгі айдың ішінде;

есепті тоқсан үшін сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша қол қояды.

Құжаттарды қабылдау кезінде Орталықтың қызметкері құжаттардың түпнұсқаларын көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен берілген мәліметтермен түпнұсқалылығын салыстырып тексереді, одан соң түпнұсқаларды алушыға қайтарады.

Алушылар (өкілдіктер) жасаған жиынтық ведомостер (тізілімдер) алушы (өкілдік) персоналы мүшесінің (мүшелерінің) Қазақстан Республикасында болу мерзімі аяқталған жағдайларды қоспағанда, есепті тоқсаннан кейінгі айдың ішінде ҚҚС төленгенін растайтын құжаттардың (Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жазып берілген шот-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелерімен қоса Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне беріледі.

Өзара түсіністік принципі расталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында аккредиттелген алушылардың (өкілдіктердің) орналасқан жері бойынша Орталыққа ілеспе құжатпен мынадай құжаттарды береді:

1) ҚҚС төленгенін растайтын құжаттардың (Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жазып берілген шот-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелерімен қоса жиынтық ведомостер (тізілімдер);

2) ҚҚС төленгенін растайтын құжаттардың (Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жазып берілген есеп-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелері;

3) алушы (өкілдік) персоналының мүшелеріне ҚҚС қайтаруға құжаттар табыс етілген кезде – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі берген аккредиттеу құжаттарының көшірмелері;

4) шет тілдерінде толтырылған жекелеген құжаттар болған кезде – алушының

(өкілдіктің) мөрімен куәландырылған қазақ және (немесе) орыс тілдеріндегі  
а у д а р м а .

Салық органы берген электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған қайтару туралы талабы бар декларацияны тұтынушылар «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы немесе Салық есептілігін өңдеу сервисі (бұдан әрі – СЕӨС) арқылы электрондық түрде салық органынан немесе интернет жүйесіне қол жетімділігі бар жұмыс немесе үй компьютерінен табыс ете алады.

Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген салық органы жүргізетін салық тексеруі барысында алушы табыс ететін құжаттарды алушылар ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсете отырып, ҚҚС бойынша декларация табыс етілген салық кезеңі үшін, сондай-ақ ҚҚС бойынша салық тексерулері жүргізілмеген, бірақ Салық кодексінде көзделген талап ету мерзімінен асып кетпейтін алдыңғы кезеңдер үшін қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша салық органы жүргізетін салық тексеруі барысында табыс етеді.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін есептілік нысандары Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Салық Комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсында, Орталықтың күту залындағы стенділерде және арнайы бағанда орналастырылады.

Алушы өтініш нысандарын Орталықтан да тегін ала алады.

Алушы есептілік нысандарын өз бетінше сату орындарынан сатып ала алады.

Мемлекеттік қызметті [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсы арқылы алу үшін салық органынан электрондық цифрлық қолтаңба алу және «Салық төлеушінің кабинетінде», СЕӨС электрондық құжаттың нысанын толтыру қажет.

13. Құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырылады.

[www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсына жүгінген кезде: электрондық құжатты жөнелту «Салық төлеушінің кабинетінен», СЕӨС-нен жүзеге асырылады. Құжат автоматты түрде адресатқа – салық органына жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін Орталыққа табыс етілген құжаттар қабылданады және алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

«Салық төлеушінің кабинеті», СЕӨС арқылы жүгінген кезде алушы мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық хабарлама/растау алады.

Пошта арқылы жүгінген кезде Орталықтың қызметкері пошта хабарламасына белгі қояды.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі алушыға оның банк шотына ҚҚС қайтару арқылы жеткізіледі.

1) Салықтық өтініш Салық кодексінің талаптарына сәйкес дұрыс толтырылмаса немесе декларацияда ҚҚС қайтару туралы талап көрсетілмесе;

2) ҚҚС қайтару сомасы салықтық тексеру актісімен расталмаса;

3) салықтық тексеру басталғанға дейін алдын ала бақылау барысында салық төлеушіде қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кеткен сомасының жоқ екендігі анықталса ;

4) мемлекеттік қызмет алу үшін шағын бизнес субъектілері, шаруа немесе фермер қожалықтары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін белгіленген арнаулы салық режимдерінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын алушы жүгінсе;

5) мемлекеттік қызмет алу үшін ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Салық кодексі 267-бабының ережелерін қолданатын алушы ұйым жүгінсе ;

6) нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын және ол бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін қалыптасқан асып кету бойынша салықтық өтініш табыс етілген өткізу бойынша айналымдар жасалған салық кезеңінен кейін 12 ай өткеннен соң салықтық өтініш табыс етілсе, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады .

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздер жоқ.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Орталықтың қызметі адамның конституциялық құқықтарын сақтауға, қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтауға негізделген және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Орталықтың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Орталық қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымдарды дайындауға жәрдемдесу үшін алушы Орталық



б а с ш ы л ы ғ ы н а

ж ү г і н е д і .

Орталық қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты да Call-орталықтардың 8(7172) 58-09-09 телефоны бойынша не порталдан алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Орталық қарамағына қарайтын салық органының басшылығының атына осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша пошта арқылы немесе қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, сондай-ақ call-e-tax@mgd.kz мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті тікелей уәкілетті орган немесе Орталық көрсетеді. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда жазбаша түрде шағым беріледі және өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін салық органының басшысына, осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинетіне жіберіледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, демалыс күндері – сенбі, жексенбі және мереке күндері.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда алушының заңнамада белгіленген тәртіппен жоғары тұрған салық органына не сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Қолданыстағы заңнамада көрсетілген жағдайда шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде (электрондық шағым кітабының мекенжайы: call-e-tax@mgd.kz) не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинеті арқылы жұмыс күндері қолма-қол, не Орталықта орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жазбаша түрде қ а б ы л д а н а д ы .

Қажет болған жағдайда алушылар шағымға Орталықтың мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсеткенін немесе Орталық қызметкерінің дұрыс қызмет көрсетпегенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Орталықтың қарамағындағы салық органының жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

25. Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштерді есепке алу кітабына «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тіркеледі.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы алушыға жазбаша түрде хабарланады.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

« Б ю д ж е т т е н к о с ы л ғ а н қ ұ н  
с а л ы ғ ы н қ а й т а р у »  
м е м л е к е т т і к қ ы з м е т  
с т а н д а р т ы н а 1-қ о с ы м ш а

### **Мемлекеттік қызмет көрсететін салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарының (ҚӨО) тізбесі**

Р/с №	Қарамағына ҚӨО кіретін салық органдары	ҚӨО орналасқан мекенжайы	Салық органдары басшыларының телефондары	Салық органдары хатшылығының телефондары және кабинеттері	Операциялық залдардың телефондары	Қ Ө О басшыларының телефондары
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола облысы						
1	Ақмола облысы бойынша салық департаменті	Көкшетау қ., Горький к-сі, 21 А	8 (7162) 72-11-76 қабылдау бөлмесі	8 (7162) 72-12-27 № 106 кабинет		
2	Ақкөл ауданы бойынша салық басқармасы	Ақкөл қ., Октябрьская к-сі, 21	8 (7162) 72-12-17 қабылдау бөлмесі	8 (71638) 2-29-15 № 4 кабинет	8 (71638) 2-29-13 8 (71638) 2-23-89	8 (71638) 2-05-72
3	Аршалы ауданы бойынша салық басқармасы	Аршалы кенті, Ташенов к-сі, 14	8 (7162) 72-12-54 қабылдау бөлмесі	8 (71644) 2-12-87 № 3 кабинет	8 (71644) 2-20-32 8 (7162) 72-12-53	8 (7162) 72-12-53
4	Астрахан ауданы бойынша салық басқармасы	Астрахан ауылы, Байтұрсынов к-сі, 20	8 (7162) 72-12-80 қабылдау бөлмесі	8 (71641) 2-25-68 8 (7162) 72-12-78 № 9 кабинет	8 (7162) 72-12-79 8 (71641) 2-26-37	8 (7162) 72-12-78
5	Атбасар ауданы бойынша салық басқармасы	Атбасар қ., Б.Момышұлы к-сі, 4	8 (7162) 72-12-58 8 (71643) 4-28-15 қабылдау бөлмесі	8 (71643) 4-28-15 № 9 кабинет	8 (71643) 4-26-64 8 (7162) 72-17-31	8 (71643) 4-26-64 8 (7162) 72-17-31
6	Бұланды ауданы бойынша салық басқармасы	Макинск қ., Клубная к-сі, 32	8 (7162) 72-12-13 қабылдау бөлмесі	8 (71646) 2-23-47 № 3 кабинет	8 (71646) 2-11-79 8 (7162) 72-12-14	8 (7162) 72-12-14
7	Степногорск қаласы бойынша				8 (71645) 6-67-76	8 (71645) 6-29-49

	салық басқармасы	Степногорск қ., Коммуналдық койма аймағы	8 (7162) 72-10-37 қабылдау бөлмесі	8 (71645) 6-27-37 № 28 кабинет	8 (71645) 6-29-49	
8	Егіндікөл ауданы бойынша салық басқармасы	Егіндікөл ауылы, Мир к-сі, 24	8 (71642) 2-12-44 қабылдау бөлмесі	8 (71642) 2-12-44 № 8 кабинет	8 (71642) 2-12-42	8 (71642) 2-12-42
9	Еңбекшілдер ауданы бойынша салық басқармасы	Степняк қ., Абылайхан к-сі, 10 а	8 (71639) 2-16-74 қабылдау бөлмесі	8 (71639) 2-16-74 № 19 кабинет	8 (71639) 2-11-00 8 (7162) 72-12-48	8 (71639) 2-11-00
10	Ерейментау ауданы бойынша салық басқармасы	Ерейментау қ., А.Құнанбаев к-сі, 115	8 (71633) 2-26-33 қабылдау бөлмесі	8 (71633) 2-26-33 № 1 кабинет	8 (7162) 72-12-56 8 (71633) 2-10-48	8 (7162) 72-12-56
11	Есіл ауданы бойынша салық басқармасы	Есіл қ., Д.Қонаев к-сі, 13	8 (7162) 72-12-72 қабылдау бөлмесі	8 (71647) 2-12-07 № 2 кабинет	8 (71647) 2-16-87 8 (7162) 72-12-67	8 (71647) 2-16-87
12	Жақсы ауданы бойынша салық басқармасы	Жақсы ауылы, Дружба к-сі, 3	8 (7162) 72-12-65 қабылдау бөлмесі	8 (71635) 2-18-96 № 3 кабинет	8 (7162) 72-12-70 8 (71635) 2-16-62	8 (7162) 72-12-70 8 (71635) 2-16-62
13	Жарқайың ауданы бойынша салық басқармасы	Державинск қ., Ниязбаев к-сі, 35	8 (7162) 72-12-73 8 (71648) 9-12-38 қабылдау бөлмесі	8 (71648) 9-13-08 № 3 кабинет	8 (7162) 72-12-71 8 (71648) 9-13-58	8 (71648) 9-13-58
14	Зеренді ауданы бойынша салық басқармасы	Зеренді ауылы, Мир к-сі, 61	8 (7162) 72-12-76 қабылдау бөлмесі	8 (71632) 2-29-48 8 (71632) 2-23-35 № 7 кабинет	8 (71632) 2-29-48 8 (7162) 72-12-77	8 (71632) 2-29-48
15	Қорғалжын ауданы бойынша салық басқармасы	Қорғалжын ауылы, Болғанбаев к-сі, 17	8 (7162) 72-12-84 қабылдау бөлмесі	8 (71637) 2-19-56 № 6 кабинет	8 (71637) 2-14-61 8 (7162) 72-12-85	8 (71637) 2-14-61
16	Сандықтау ауданы бойынша салық басқармасы	Балкашино ауылы, Абылайхан к-сі, 128	8 (7162) 72-11-45 қабылдау бөлмесі	8 (71640) 9-19-64 № 3 кабинет	8 (71640) 9-18-96 8 (7162) 72-11-98	8 (71640) 9-18-96
17	Целиноград ауданы бойынша салық басқармасы	Ақмол ауылы, Гагарин к-сі, 2	8 (7162) 72-12-60 қабылдау бөлмесі	8 (71651) 3-11-59 № 8 кабинет	8 (7162) 72-12-59 8 (71651) 3-11-68	8 (7162) 72-12-59
18	Шортанды ауданы бойынша салық басқармасы	Шортанды ауылы, Абылайхан к-сі, 8	8 (7162) 72-12-50 қабылдау бөлмесі	8 (71631) 2-14-64 № 3 кабинет	8 (71631) 2-14-61 8 (7162) 72-12-49	8 (7162) 72-12-49
19					8 (71636) 5-66-17	8 (71636) 5-66-17

	Бурабай ауданы бойынша салық басқармасы	Щучинск қ., Сейфуллин к-сі, 90	8 (71636) 5-65-31 қабылдау бөлмесі	8 (71636) 5-66-17 № 13 кабинет	8 (71636) 5-60-74	
20	Көкшетау қаласы бойынша салық басқармасы	Көкшетау қ., Горький к-сі, 21 А	8 (7162) 72-12-05 қабылдау бөлмесі	8(7162) 72-12-28 № 102 кабинет	8 (7162) 72-12-29 8 (7162) 72-12-34 8 (7162) 40-27-39	8 (7162) 72-12-29 8 (7162) 72-12-34 8 (7162) 40-27-39
21	«Бурабай» салық басқармасы	Щучинск қ., Сейфуллин к-сі, 90	8 (7162) 72-10-08 қабылдау бөлмесі	8 (71636) 5-62-15 № 2 кабинет	8 (71636) 5-62-15	8 (71636) 5-62-15
Ақтөбе облысы						
1	Ақтөбе облысы бойынша салық департаменті	Ақтөбе қ., Некрасов к-сі, 73	8 (7132) 21-16-41 8 (7132) 21-15-79 қабылдау бөлмесі	8 (7132) 21-01-94 8 (7132) 59-53-64 № 19 кабинет		
2	Әйтеке би ауданы бойынша салық басқармасы	Комсомол ауылы, Абылайхан к-сі, 24	8 (71339) 2-15-45 қабылдау бөлмесі	8 (71339) 2-15-45 № 2 кабинет	8 (71339) 2-14-83 8 (71339) 2-15-80	8 (71339) 2-14-83
3	Алға ауданы бойынша салық басқармасы	Алға қ., Байтұрсынов к-сі, 15	8 (71337) 4-10-06 қабылдау бөлмесі	8 (71337) 4-27-63 № 1 кабинет	8 (71337) 4-29-57 8 (71337) 4-30-06	8 (71337) 4-28-49
4	Байғанин ауданы бойынша салық басқармасы	Байғанин кенті, Барақ батыр к-сі, 38а	8 (71345) 2-25-54 қабылдау бөлмесі	8 (71345) 2-31-42 № 1 кабинет	8 (71345) 2-23-40 8 (71345) 2-31-42	8 (71345) 2-23-40
5	Ырғыз ауданы бойынша салық басқармасы	Ырғыз ауылы, Қанахин к-сі, 28	8 (71343) 2-16-96 қабылдау бөлмесі	8 (71343) 2-13-31 № 1 кабинет	8 (71343) 2-17-52 8 (71343) 2-13-31	8 (71343) 2-17-52
6	Қарғалы ауданы бойынша салық басқармасы	Бадамша ауылы, Әбілхайырхан к-сі, 8	8 (71342) 2-20-17 қабылдау бөлмесі	8 (71342) 2-20-17 № 1 кабинет	8 (71342) 2-29-45 8 (71342) 2-20-87	8 (71342) 2-29-45
7	Қобда ауданы бойынша салық басқармасы	Қобда ауылы, Пятковская к-сі, 7	8 (71341) 2-14-96 қабылдау бөлмесі	8 (71341) 2-14-96 № 3 кабинет	8 (71341) 2-16-86 8 (71341) 2-14-91	8 (71341) 2-16-86
8	Мәртөк ауданы бойынша салық басқармасы	Мәртөк кенті, Мазков к-сі, 6	8(71331) 3-15-50 қабылдау бөлмесі	8(71331) 3-15-50 № 1 кабинет	8 (71331) 2-12-50 8 (71331) 3-13-54	8-(71331) 2-12-50
9	Мұғалжар ауданы бойынша салық басқармасы	Қандыағаш қ., Жамбыл к-сі, 68А	8 (71333) 3-63-57 қабылдау бөлмесі	8 (71333) 3-63-43 № 1 кабинет	8 (71333) 3-70-62 8 (71333) 3-63-40	8 (71333) 3-70-62 8 (71333) 3-63-40

10	Темір ауданы бойынша салық басқармасы	Шұбарқұдық кенті, Желтоқсан к-сі, 4	8 (71346) 2-27-53 қабылдау бөлмесі	8 (71346) 2-27-53 № 1 кабинет	8 (71346) 2-25 - 2 7 8 (71346) 2-27 -33	8 (71346) 2-25-27
11	Ойыл ауданы бойынша салық басқармасы	Ойыл ауылы, Көкжар к-сі, 47	8 (71332) 2-16-66 қабылдау бөлмесі	8 (71332) 2-18-53 № 6 кабинет	8 (71332) 2-16 - 7 6 8 (71332) 2-18 -33	8 (71332) 2-16-76
12	Хромтау ауданы бойынша салық басқармасы	Хромтау қ., Жамбыл к-сі, 38	8 (71336) 2-18-33 қабылдау бөлмесі	8 (71336) 2-18-33 № 13 кабинет	8 (71336) 2-59 - 6 1 8 (71336) 2-10 -13	8 (71336) 2-59-61
13	Шалқар ауданы бойынша салық басқармасы	Шалқар қ., Е. Көтібарұлы к-сі, 70	8 (71335) 2-12-63 қабылдау бөлмесі	8 (71335) 6-15-24 № 1 кабинет	8 (71335) 2-17 - 3 9 8 (71335) 2-16 -39	8 (71335) 2-17-39
14	Ақтөбе қаласы бойынша салық басқармасы	Ақтөбе қ., Маресьев к-сі, 97	8 (7132) 55-05-85 8 (7132) 56-24-68 8 (7132) 56-49-97 қабылдау бөлмесі	8 (7132) 59-52-28 № 1 кабинет	8 (7132) 56-45 - 8 1 8 (7132) 59-51 - 3 4 8 (7132) 56-33 - 1 4 8 (7132) 56-29 -09	8 (7132) 56-20-54 8 (7132) 56-29-08
Алматы облысы						
1	Алматы облысы бойынша салық департаменті	Талдықорған қ., Жансүгіров к-сі, 113 А	8 (7282) 27-23-93 қабылдау бөлмесі	8 (7282) 27-23-93 № 402 кабинет		
2	Алакөл ауданы бойынша салық басқармасы	Үшарал қ., Қонаев к-сі, 68	8 (72833) 2-17-92 8 (72833) 2-22-96 қабылдау бөлмесі	8 (72833) 2-17-92 № 1 кабинет	8 (72833) 2-12 -81	8 (72833) 2-12-81
3	Ақсу ауданы бойынша салық басқармасы	Жансүгіров ауылы, Желтоқсан к-сі, 5	8 (72832) 2-21-66 8 (72832) 2-15-46 қабылдау бөлмесі	8 (72832) 2-21-66 № 3 кабинет	8 (72832) 2-23 - 4 5 8 (72832) 2-28 -57	8 (72832) 2-29-67 8 (72832) 2-28-57
4	Балқаш ауданы бойынша салық басқармасы	Бақанас ауылы, Қонаев к-сі, 75	8 (72773) 9-13-33 8 (72773) 9-14-51 қабылдау бөлмесі	8 (72773) 9-13-33 № 1 кабинет	8 (72773) 9-18 - 3 5 8 (72773) 9-14 -47	8 (72773) 9-18-35 8 (72773) 9-14-47
5	Талдықорған қаласы бойынша салық басқармасы	Талдықорған қ., Жансүгіров к-сі, 113 А	8(7282) 27-09-23 8(7282) 24-51-67 қабылдау бөлмесі	8 (7282) 24-51-67 № 201 кабинет	8 (7282) 21-70 - 6 1 8 (7282) 24-06 - 5 9 8 (7282) 24-32 -69	8 (7282) 21-08-26 8 (7282) 24-42-33 8 (7282) 24-53-13
6	Қапшағай қаласы бойынша салық басқармасы	Қапшағай қ., Сидранск к-сі, 1	8 (72772) 4-12-05 8 (72772) 4-77-72 қабылдау бөлмесі	8 (72772) 4-12-05 № 7 кабинет	8 (72772) 4-18 - 7 9 8 (72772) 4-71 -56	8 (72772) 4-18-79 8 (72772) 4-71-56

7	Текелі қаласы бойынша салық басқармасы	Текелі қ., Тәуелсіздік к-сі, 10	8 (72835) 4-25-18 8 (72835) 4-25-46 қабылдау бөлмесі	8 (72835) 4-25-18 № 1 кабинет	8 (72835) 4-35-43	8 (72835) 4-35-43
8	Еңбекшіқазақ ауданы бойынша салық басқармасы	Есік қ., Алтын Адам аллеясы, 155	8 (72775) 4-20-68 8 (72775) 4-16-95 қабылдау бөлмесі	8 (72775) 4-20-68 № 1 кабинет	8 (72775) 4-20-72 8 (72775) 2-06-84 8 (72775) 2-06-86	8 (72775) 4-207-2 8 (72775) 2-06-84 8 (72775) 2-06-86
9	Ескелді ауданы бойынша салық басқармасы	Қарабұлақ қ., Сәтбаев к-сі, 65	8 (72836) 3-03-90 8 (72836) 3-00-51 қабылдау бөлмесі	8 (72836) 3-03-90 № 1 кабинет	8 (72836) 3-07-33	8 (72836) 3-07-33
10	Жамбыл ауданы бойынша салық басқармасы	Ұзынағаш ауылы, Мәжитов к-сі, 10	8 (72770) 2-17-17 8 (72770) 2-24-81 қабылдау бөлмесі	8 (72770) 2-17-17 № 21 кабинет	8 (72770) 2-28-36 8 (72770) 2-30-18	8 (72770) 2-28-36 8 (72770) 2-30-18
11	Іле ауданы бойынша салық басқармасы	Өтеген батыр кенті, Титов к-сі, 9а	8 (7272) 51-74-60 8 (72752) 2-22-73 8 (72752) 2-28-39 қабылдау бөлмесі	8 (7272) 51-74-60 8 (72752) 2-22-73 № 4 кабинет	8 (72752) 2-02-23 8 (72752) 2-12-14	8 (72752) 2-02-23 8 (72752) 2-12-14
12	Қарасай ауданы бойынша салық басқармасы	Қаскелең қ., Тәуелсіздікке 10 жыл к-сі, 54 «а»	8 (7272) 98-36-06 8 (72771) 2-17-55 8 (72771) 2-24-99 қабылдау бөлмесі	8 (72771) 2-17-55 № 3 кабинет	8 (72771) 2-14-46 8 (72771) 2-27-55	8 (72771) 2-15-46 8 (72771) 2-27-55
13	Қаратал ауданы бойынша салық басқармасы	Үштөбе қ., Абылайхан к-сі, 14	8 (72834) 2-17-86 8 (72834) 2-16-96 қабылдау бөлмесі	8 (72834) 2-17-86 № 3 кабинет	8 (72834) 2-14-07 8 (72834) 2-15-84	8 (72834) 2-14-07 8 (72834) 2-15-84
14	Кербұлақ ауданы бойынша салық басқармасы	Сарыөзек кенті, Б.Момышұлы к-сі, 12	8 (72840) 3-12-09 8 (72840) 3-17-09 қабылдау бөлмесі	8 (72840) 3-12-09 № 31 кабинет	8 (72840) 3-22-38 8 (72840) 3-13-45	8 (72840) 3-22-38
15	Көксу ауданы бойынша салық басқармасы	Балпық би кенті, Измаилов к-сі, 6	8 (72838) 2-02-15 8 (72838) 2-02-26 қабылдау бөлмесі	8 (72838) 2-02-15 № 201 кабинет	8 (72838) 2-07-20 8 (72838) 2-15-67	8 (72838) 2-07-20 8 (72838) 2-15-67
16	Панфилов ауданы бойынша салық басқармасы	Жаркент қ., Масанчи к-сі, 17 «А»	8 (72831) 5-13-31 8 (72831) 5-23-54 қабылдау бөлмесі	8 (72831) 5-13-31 № 3 кабинет	8 (72831) 5-13-55	8 (72831) 5-13-55
берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

5) жеке тұлға лицензия алу үшін – алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

6) дара кәсіпкер лицензия алу үшін – алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

7) лицензия алу үшін – алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәлігін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

8) лицензия және лицензияға қосымшаны алу үшін – біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар мен мәліметтерді;

9) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияға қосымшаны алу үшін – лицензияның көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

10) лицензия, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі; лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін талап етілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну олардағы ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

«Электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа ХҚО-ғы арқылы құжаттарды беру кезінде құжаттар электрондық нысанда беріледі.

ХҚО-да заңды тұлғаның жарғысы, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, бюджетке лицензиялық алым төлеу туралы құжат, мәліметтер нысаны ХҚО қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері нысанындағы электрондық сұрау салуға бекітіледі.

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның немесе ХҚО қызметкері түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал немесе ХҚО ақпараттық жүйесі арқылы берілген мәліметтермен түпнұсқалығын салыстырып тексереді, содан соң түпнұсқаларды алушыға қайтарады.

Порталға жүгінген кезде:

1) лицензия, лицензияға қосымша, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) лицензия, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленгенін растайтын ақпарат жібереді; лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін талап етілмейді;

электрондық сауалға тіркелетін сканерленген түрдегі көшірмелер:

3) заңды тұлға лицензия алу үшін – заңды тұлғаның жарғысы;

4) заңды тұлға лицензия алу үшін – алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі;

5) жеке тұлға лицензия алу үшін – алушының жеке басын куәландыратын құжат;

6) дара кәсіпкер лицензия алу үшін - алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі;

7) лицензия алу үшін – алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәлігі;

8) лицензия, лицензияға қосымша – электрондық нысан түріндегі біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

9) лицензияға қосымшаны алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензия туралы мәліметтер (порталда болған кезде) немесе лицензия.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттардың мәліметтерін уәкілетті органның уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады.

12. Лицензия алу үшін өтініш нысандары интернет-ресурсының: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz), порталында, уәкілетті органның [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсында, уәкілетті органның, ХҚО-ның күту залындағы стенділерде және арнайы бағанда орналастырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжаттың нысанын толтыру қажет.

13. Құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар немесе осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырылады.

ХҚО-ға жүгінген кезде электрондық сұрау салуды жөнелту ХҚО қызметкерінің автоматтандырылған жұмыс орны арқылы жүзеге асырылады.

Порталға жүгінген кезде:

электрондық өтінішті жөнелту алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады. Өтініш таңдалған қызмет көрсетуге сәйкес автоматты түрде адресатқа – уәкілетті органға, ХҚО-ға жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін уәкілетті органға табыс етілген құжаттар, тізімделу бойынша қабылданады және алушыға немесе оның өкіліне

құжаттардың қабылданғаны туралы көшірмесі қабылдау күні туралы белгімен (тапсырылады) жіберіледі.

- 1) ХҚО жүгінген кезде алушыға немесе оның өкіліне;
- 2) сұрау салу нөмірі мен қабылданған күні;
- 3) сұрау салынып отырған мемлекеттік қызмет түрі;
- 4) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 5) құжаттардың берілген күні (уақыты) мен орны;
- 6) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

6) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетіле отырып, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Порталға жүгінген кезде алушыға «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуді беруге сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі алушыға:

- 1) уәкілетті органда немесе ХҚО-да - қолма-қол (алушының өзі келуі не сенімхат бойынша өкілінің келуі);
- 2) порталда – алушының «жеке кабинетінде» беріледі.

16. Егер:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметпен айналысуға тыйым салынған болса;
- 2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат болмағанда;
- 3) алушының қызметі біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;
- 4) алушыға лицензия беру келісетін мемлекеттік органдармен келісілмесе;
- 5) алушыға қатысты осы қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген соттың үкімі болса;
- 6) сот орындаушысының ұсынысы негізінде сот лицензия алуға тыйым салса;
- алушы порталға жүгінген кезде:
- 7) сұрау салынған электрондық ақпараттық ресурсқа қатысты қолжеткізілімге шектеу қолданылса және сұрау салу жіберген тұлғада сұрау салынған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;
- 8) алушыда сұрау салынған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және оған оның кімнің иелігінде екені белгісіз болса;
- 9) сұрау салудың маңызын айқындау кезінде сұрау салушы адамның қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтініш бергенін анықтау мүмкін болмаса;

10) егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе, электрондық ақпараттық ресурсқа сұрау салған алушы сұрау салуды орындауға шығыстарды төлемесе;

11) алушының сұрау салуы «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 36-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Егер уәкілетті орган немесе ХҚО белгіленген мерзімде алушыға лицензияны бермеген немесе лицензияны беруден уәждеделген түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап лицензия берілді деп есептеледі.

Уәкілетті орган немесе ХҚО лицензияның берілген мерзімі бітер кезден бұрын 5 жұмыс күні ішінде кешіктірмей алушыға тиісті лицензияны беруге міндетті.

Уәкілетті орган немесе ХҚО лицензияны 5 жұмыс күні ішінде бермеген жағдайда лицензия берілді деп есептеледі, ал лицензияланған қызмет түрін жүзеге асыру құқығын растайтын құжат, лицензияның өзін алғанға дейін уәкілетті орган немесе ХҚО қабылдаған күні туралы белгісі бар құжаттардың тізімі болып табылады.

Алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден уәждеделген түрде бас тарту туралы жауапты уәкілетті органда немесе ХҚО-да немесе порталдың «жеке кабинетінде» осы стандарттың 7-тармағында белгіленген мерзімде электрондық құжат түрінде алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіз жоқ.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Уәкілетті органның және ХҚО қызметі адамның конституциялық құқықтарын сақтауға, қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтауға негізделген және сыпайылық, толық ақпарат беру, сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті орган қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымдарды дайындауға жәрдемдесу үшін алушы уәкілетті органның басшылығына жүгінеді.

ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі, сондай-ақ шағымды дайындауға көмек көрсету туралы ақпаратты жауапты адамдардан (электрондық мекенжайы: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz)) алуға болады.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының телефоны (1414) арқылы алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысына осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы не қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін түскі үзіліспен, сондай-ақ [call-e-tax@mgd.kz](mailto:call-e-tax@mgd.kz) мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті тікелей уәкілетті орган немесе ХҚО көрсетеді. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда:

1) өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін уәкілетті органның басшысына, осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген 102 кабинетке немесе жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін түскі үзіліспен, демалыс күндері – сенбі, жексенбі және мереке күндері;

2) ХҚО-ның немесе ХҚО-ы қарауына жататын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің басшыларына жазбаша түрде шағым беріледі. ХҚО-ның басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген, Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайда шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде (электрондық шағым кітабының мекенжайы: [call-e-tax@mgd.kz](mailto:call-e-tax@mgd.kz)) не осы стандарттың 21 және 22-тармағында көрсетілген ұйымның кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол, немесе уәкілетті органда, ХҚО-да орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жазбаша түрде қабылданады.

Қажет болған жағдайда алушылар шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсеткенін немесе уәкілетті органның немесе ХҚО қызметкерінің дұрыс қызмет көрсетпегенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Портал арқылы жүгінген кезде: портал арқылы электрондық өтініш жөнелтілгеннен кейін алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жетімді болады, ол уәкілетті органда өтінішті өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылады.

Уәкілетті органның немесе ХҚО жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

25. Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштер есепке алу кітабына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы алушыға жазбаша түрде хабарланады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не 8 (7172) 71-80-02 телефоны бойынша немесе осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық өтініш жөнелтілгеннен кейін алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жетімді болады, ол уәкілетті органда немесе ХҚО-да өтінішті өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылады.

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты уәкілетті органның [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің адресі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 подъезд, интернет-ресурстың e-mail: [kagu-con@mci.gov.kz](mailto:kagu-con@mci.gov.kz) және «электрондық үкімет» Call-орталығының нөмірі 1414.

«Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

## Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізімі мен мекенжайлары

Р/с №	Орталықтардың атауы (филиалдар, бөлімдер, бөлімшелер)	Орналасқан мекенжайы	Байланыс деректері
1	2	3	4
«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Әуезов көшесі 189 а	8 (7162) 40-10-76 8 (7162) 40-10-63
1)	Көкшетау қалалық бөлімі	Көкшетау қаласы, Біржан сал көшесі, 12 үй	8 (7162) 25-00-67 8 (7162) 25-06-21
2)	Карсный яр ауылындағы аудандық бөлім	Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Ленин көшесі, 15 үй	8 (7162) 40-43-27
3)	Ақкөл аудандық бөлімі	Ақкөл ауданы, Ақкөл ауылы, Нұрмағанбетов көшесі, 102 үй	8 (71638) 2-09-96 8 (71638) 2-18-49
4)	Аршалы аудандық бөлімі	Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Мәметова көшесі, 19 үй	8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-28-28 8 (71644) 2-10-77
5)	Атбасар аудандық бөлімі	Атбасар ауданы, Атбасар ауылы, Уәлиханов көшесі, 11 үй	8 (71643) 2-45-94 8 (71643) 4-07-22 8 (71643) 4-12-58
6)	Астрахан аудандық бөлімі	Астрахан ауданы, Астраханка ауылы, Әл-Фараби көшесі 42үй	8 (71641) 2-35-96 8 (71641) 2-21-94
7)	Бұланды аудандық бөлімі	Бұланды ауылы, Макинка қаласы, Сейфуллин көшесі, 18 үй	8 (71646) 2-37-20 8 (71646) 2-37-81
8)	Бурабай аудандық бөлімі	Бурабай ауаны, Шучье қаласы, Абылайхан даңғылы, 28 үй	8 (71636) 4-29-97 8 (71636) 4-28-91 8 (71636) 4-59-28
9)	Егіндікөл аудандық бөлімі	Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Жеңіс даңғылы, 7 үй	8 (71642) 2-12-57
10)	Ерейментау аудандық бөлімі	Ерейментау ауданы Ерейментау қаласы, Мұсабаев көшесі, 15 үй	8 (71633) 2-44-92
11)	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Сыздықов көшесі, 2 а үй	8 (71639) 2-22-41 8 (71639) 2-22-42 8 (71639) 2-22-18
12)	Есіл аудандық бөлімі	Есіл ауданы, Есіл қаласы, Жеңіс даңғылы, 56 үй	8 (71647) 2-22-07
13)	Жарқайың аудандық бөлімі	Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Ғабдуллин көшесі, 104 үй	8 (71648) 9-00-35 8 (71647) 2-22-05
14)	Жақсы аудандық бөлімі	Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленин көшесі, 8 үй	8 (71635) 2-17-10
15)	Зеренді аудандық бөлімі	Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Мир көшесі, 52 үй	8 (71632) 2-00-74 8 (71632) 2-29-43
16)	Қорғалжын аудандық бөлімі	Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Абай көшесі, 44 а үй	8 (71637) 2-17-83 8 (71637)2-20-36



17 )	Степногорск қалалық бөлімі	Степногорск қаласы, 4 шағын аудан, 7 үй	8 (71645) 2-00-40 8 (71645) 2-00-30
18 )	Сандықтау аудандық бөлімі	Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылайхан даңғылы, 119 үй	8 (71640) 9-26-66
19 )	Целиноград аудандық бөлімі	Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 15 үй	8 (71651) 3-12-30 8 (71651) 3-11-98
20 )	Шортанды аудандық бөлімі	Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Безымянный қиылысы, 1 үй	8 (71631) 2-17-97
«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
2.	«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109 үй	8 (7132) 56-57-87
1)	№1 Ақтөбе қалалық бөлімі	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109 үй	8 (7132) 57-80-27
2)	Қарғалы ауылы (Жилянка)	Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауданы, Қарғалы ауылы (Жилянка), Сәтпаев көшесі, 10 үй	8 (7132) 98-60-06 8 (7132) 98-60-05
3)	Алға аудандық бөлімі	Алға ауданы, Алға қаласы, Киров көшесі, 23 үй	8 (71337) 3-20-79 8 (71337) 3-10-96
4)	Мэрток аудандық бөлімі	Мэрток ауданы, Мэрток ауылы, Байтұрсынов көшесі, 1 «Б»	8 (71331) 22-4-13 8 (71331) 22-1-14
5)	Хромтау аудандық бөлімі	Хромтау ауданы, Хромтау ауылы, Абай көшесі, 12 үй	8 (71336) 26-6-33 8 (71336) 26-6-34
6)	Қандыағаш аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Молодежный шағын ауданы, 47»Б»	8 (71333) 30-2-19 8 (71333) 30-2-18
7)	Ембі аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әміров көшесі, 10	8 (71334) 23-9-83
8)	Темір аудандық №8 бөлім	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 15»А»	8 (71346) 23-5-83 8 (71334) 23-9-87
9)	Қобда аудандық бөлімі	Қобда ауданы, Қобда кенті, Нұрымжанов қиылысы, 2	8 (71341) 22-1-47 8 (71341) 22-1-38
10 )	Бадамша ауылының қарғал аудандық бөлімі	Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 27	8 (71342) 23-4-64 8 (71342) 23-4-62
11 )	Ойыл аудандық бөлімі	Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 64	8 (71332) 21-1-81 8 (71332) 21-1-82
12 )	№ 12 Әйтеке би аудандық бөлімі	Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Балдырған көшесі, 10	8 (71339) 22-3-73 8 (71339) 22-3-74
13 )	Байғанин аудандық бөлімі	Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Барак батыр көшесі, 41 «А»	8 (71345) 23-5-86 8 (71345) 23-5-87
14 )	Ырғыз аудандық бөлімі	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауданы, Жангелдин көшесі, 7	8 (71343) 21-8-28
15 )	Шалқар аудандық бөлім	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Әйтеке би көшесі, 63	8 (71335) 23-6-10 8 (71335) 23-6-11
«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
3.	«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 67Б	8 (7282) 24-15-06 8 (7282) 24-41-33
1)	Ақсу аудандық бөлімі	Жансүгіров кенті, Қабанбай батыр көшесі, 20	8 (72832) 2-14-51
	Қапал бөлімі	Қапал ауылы, Алпысбаев көшесі, 3	8 (72841) 2-17-60

2)	Алакөл аудандық бөлімі	Үшарал ауылы, 8 наурыз көшесі, 63	8 (72833) 2-35-46 8 (72833) 2-35-48
	Қабанбай бөлімі	Қабанбай ауылы, Абылайхан көшесі, 237	8 (72837) 4-13-85
3)	Балқаш аудандық бөлімі	Бақанас ауылы, Бижанов көшесі, 25 «А»	8 (72773) 95-2-22 8 (72773) 9-18-20
4)	Еңбекшіқазақ аудандық бөлімі	Есік қаласы, Абай көшесі, 314 А	8 (72775) 4-54-70 8 (72775) 4-54-69
	Шелек бөлімі	Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 100	8 (72775) 2-34-96 8 (72775) 2-34-97
5)	Ескелді аудандық бөлімі	Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 52 п.	8 (72836) 3-22-16
6)	Жамбыл аудандық бөлімі	Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі, 1	8 (72770) 2-30-90
7)	Іле аудандық бөлімі	Өтеген батыр кенті, Қуат шағын ауданы, Тәуелсіздік көшесі, 25	8 (727) 251-74-46 8 (727) 251-74-47
	Боралдай бөлімі	Боралдай ауылы, Вокзальная көшесі, 6 «А»	8 (72738) 7-82-42
	Қараой бөлімі	Қараой ауылы, Тыңдала көшесі, 9	8 (7275) 24-88-10
	Ақшы бөлімі	Ақшы ауылы, Қонаев көшесі, 29	
8)	Қарасай аудандық бөлімі	Қаскелең қаласы, Жанғозин көшесі, 38	8 (72771) 2-56-86 8 (72771) 2-56-96
	Тау самалы бөлімі	Тау самалы кенті, Рысқұлов көшесі, 129	8 (727) 391-38-58
	Шамалған бөлімі	Шамалған ст, Қонаев көшесі, 1 «В»	8 (7272) 93-66-33
9)	Қаратал аудандық бөлімі	Үштөбе қаласы, Абылай хан даңғылы 22	8 (72834) 2-02-07 8 (72834) 2-20-92
10)	Кербұлақ аудандық бөлімі	Сарыөзек қаласы, Момышұлы көшесі, н/ж	8 (72840) 3-25-88
	Қоғалы бөлімі	Қоғалы кенті, Желтоқсан, 45	8 (72842) 9-10-59
11)	Көксу аудандық бөлімі	Балпық би кенті, Измайлов көшесі, 10	8 (72838) 2-16-19 8 (72838) 2-16-18
12)	Қапшағай қалалық бөлімі	Қапшағай қаласы, Қонаев көшесі, 41	8 (72772) 4-79-61 8 (72772) 4-79-60
	Шеңгелді бөлімі	Шеңгелді ауылы, Сейфуллин көшесі, 34	8 (72772) 7-11-94
13)	Сарқант аудандық бөлімі	Сарқант қаласы. Жамбыл көшесі, н/ж	8 (72839) 2-35-80 8 (72839) 2-37-14
	Лепсі бөлімі	Лепсі ст, Төлебаев көшесі, 1.	8 (72843) 2-10-16
14)	Райымбек аудандық бөлімі	Кеген ауылы, Момышұлы көшесі, н/ж	8 (72777) 2-20-84 8 (72777) 2-20-82 8 (72777) 2-18-78
	Нарынқол бөлімі	Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі н/ж	8 (72779) 2-11-65
15)	Панфилов аудандық бөлімі	Жаркент қаласы, Головацкий көшесі н/ж	8 (72831) 5-51-11
16)	Талғар аудандық бөлімі	Талғар қаласы, Лермонтов көшесі, 53 «А»	8 (727) 388-11-30 8 (72774) 2-21-43 8 (72774) 2-21-33
	Нұра бөлімі	Нұра ауылы, Школьная көшесі, 10	8 (72774) 5-80-62

17 )	Талдықорған қалалық бөлімі	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі 67»Б»	8 (7282) 24-49-75 8 (7282) 24-40-43
18 )	Текелі қалалық бөлімі	Текелі қаласы, Октябрь көшесі, 7	8 (72835) 4-35-38 8 (72835) 4-35-18
19 )	Ұйғыр аудандық бөлімі	Шонжы ауылы, Қасымбеков көшесі, 35	8 (72778) 2-43-35 8 (72778) 2-43-31 8 (72778) 2-43-32
«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
4.	«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 23 үй	8 (7122) 21-34-67
1)	Облыстық бөлім	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 23 үй	8 (7122) 21-29-42
2)	№1 қалалық бөлім	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16 а үй	8 (7122) 35-75-05 8 (7122) 35-75-30
3)	№ 2 қалалық бөлім	Атырау қаласы, Балықшы ауылы, Байжігітов көшесі, 80а үй	8 (7122) 24-34-90 8 (7122) 24-37-89
4)	Индер аудандық бөлімі	Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Меңдіғалиев көшесі, 30 үй	8 (71234) 2-12-96 8 (71234) 2-18-38
5)	Махамбет аудандық бөлімі	Атырау облысы, Махамбет ауданы, Абай көшесі, 10 үй	8 (71236) 2-24-96 8 (71236) 2-15-25
6)	Қызылқоға аудандық бөлімі	Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Абай көшесі, 1 үй	8 (71238) 2-20-46 8 (71238) 2-20-27
7)	Жылыой аудандық бөлімі	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8	8 (71237) 5-03-54 8 (71237) 5-01-28
8)	Құрманғазы аудандық бөлімі	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино ауылы, Есболаев көшесі, 66 а	8 (71233) 2-05-13 8 (71233) 2-07-14
9)	Мақат аудандық бөлімі	Атырау облысы, Мақат ауылы, Центральный көшесі, 2	8 (71239) 3-22-97 8 (71239) 3-22-96
10 )	Исатай аудандық бөлімі	Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Егеменді Қазақстан көшесі, 9 үй	8 (71231) 2-16-70 8 (71231) 2-16-69
«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
5.	«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Өскемен қаласы, Белинский көшесі, 37 а	8 (7232) 78-42-36 8 (7232) 28-94-67
1)	№1 Шығыс Қазақстан қалалық бөлімі	Өскемен қаласы, Сәтпаев даңғылы, 20/1	8 (7232) 60-39-22
2)	№2 Шығыс Қазақстан қалалық бөлімі	Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 99/1	8 (7232) 57-83-88 8 (7232) 22-81-37
3)	Глубокое аудандық бөлімі	Глубокое ауданы, Глубокое ауылы, Попович көшесі, 22	8 (72331) 2-23-35
4)	Зайсан аудандық бөлімі	Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Жангелдин көшесі, 52 а	8 (72340) 2-67-81
5)	Зырян аудандық бөлімі	Зырян ауданы, Зырян қаласы, Стаханов көшесі, 39	8 (72335) 6-02-39
6)	Қатон – Қарағай аудандық бөлімі	Қатон - Қарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 96	8 (72341) 2-23-60
7)	Күршім аудандық бөлімі	Күршім ауданы, Күршім ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 77	8 (72339) 2-13-10
8)	Риддер аудандық бөлімі	Риддер қаласы, Семей көшесі, 12 үй	8 (72336) 4-62-62

9)	Тарбағатай аудандық бөлімі	Тарбағатай ауданы, Ақсаут ауылы, Абылайхан көшесі, 23	8 (72346) 2-24-96
10)	Ұлан аудандық бөлімі	Ұлан ауданы, Молодежный кенті, 9 үй	8 (72338) 2-78-96
11)	Шемонаиха аудандық бөлімі	Шемонаиха ауданы, Шемонаиха қаласы, 3 шағын ауданы, 12	8 (72332) 3-41-00
12)	№ 1 Семей қалалық бөлімі	Семей қаласы, 408 квартал, 21	8 (7222) 33-57-97 8 (7222) 33-55-93
13)	№ 2 Семей қалалық бөлімі	Семей қаласы, Найманбаев көшесі, 161А	8 (7222) 52-69-29
14)	Абай аудандық бөлімі	Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбаев көшесі, 12	8 (72252) 2-22-64
15)	Аягөз аудандық бөлімі	Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Дүйсенов көшесі, 84	8 (72237) 5-24-32
16)	Бесқарағай аудандық бөлімі	Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Пушкин көшесі, 2 А	8 (72236) 9-06-30
17)	Бородулиха аудандық бөлімі	Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Жастар көшесі,	8 (72351) 2-20-48
18)	Жарма аудандық бөлімі	Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98	8 (72347) 6-54-00
19)	Курчатов аудандық бөлімі	Курчатов ауданы, Курчатов қаласы, Абай көшесі, 12	8 (72251) 2-21-66
20)	Көкпекті аудандық бөлімі	Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Шерияздана көшесі, 38	8 (72348) 2-21-71
21)	Үржар аудандық бөлімі	Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылайхан көшесі, 116	8 (72230) 2-19-85
<b>«Жамбыл облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы</b>			
6.	«Жамбыл облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 232	8 (7262) 56-90-01 8 (7262) 46-00-28
1)	Тараз қалалық бөлімі	Тараз қаласы, Қ.Қойгелді көшесі, № 158 «а»	8 (7262) 43-84-21
2)	№ 1 бөлімі	Тараз қаласы, Сәтпаев көшесі, 1 «б»	8 (7262) 56-90-27
3)	№ 2 бөлімі	Тараз қаласы, Талас шағын ауданы, 2	8 (72622) 6-17-78
4)	№ 3 бөлімі	Тараз қаласы, Абай даңғылы, 232	8 (7262) 56-90-04
5)	Байзақ аудандық бөлімі	Сарыкемер ауылы, Медеуов көшесі, 33	8 (72637) 2-28-04
6)	Жамбыл аудандық бөлімі	Аса ауылы, Абай көшесі, 127	8 (72633) 2-11-99
7)	Жуалы аудандық бөлімі	Б.Момышұлы ауылы, Сауранбекұлы көшесі, 49	8 (72635) 5-02-46
8)	Қордай аудандық бөлімі	Қордай ауылы, Домалақ ана көшесі, 215	8 (72636) 2-13-52
9)	Мерке аудандық бөлімі	Мерке ауылы, Исмайылов көшесі, 232	8 (72632) 4-42-54
10)	Мойынқұм аудандық бөлімі	Мойынқұм ауылы, Рысқұлбеков көшесі, 215	8 (72642) 2-47-93
11)	Сарысу аудандық бөлімі	Жаңатас қаласы, Жібек жолы көшесі, 1	8 (72634) 6-33-00
12)	Талас аудандық бөлімі	Қаратау қаласы, Молдағұлова көшесі, 1	8 (72644) 6-33-93

13 )	Т.Рысқұлов ауданының бөлімі	Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, 71	8 (72631) 2-18-10
14 )	Шу аудандық бөлімі	Шу қаласы, Автобаза көшесі, 1	8 (72643) 2-17-97
15 )	Гродеков ауылының бөлімі	Гордеков ауылы, Мир көшесі, 18	8 (72633) 3-16-76 8 (7262) 51-23-24
«Батыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
7.	Батыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО » РМК филиалы	БҚО, Орал қ, Жамбыл көшесі, д.81/2	8 (7112) 23-68-81 8 (7112) 28-25-27 8 (7112) 28-29-14
1)	Ақжайық ауданы бойынша бөлім	БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Ақжайық қиылысы, 2	8-711-36-92-580
2)	Бөкейорда ауданы бойынша бөлім	БҚО, Бөкейорда көшесі, Сайхын ауылы, Берғалиев көшесі, 1	8-711-40-21-847 8-711-40-21-835
3)	Бөрлі ауданы бойынша бөлім	БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Железнодорожный көшесі, 121 А	8-711-33-35-550 8-711-33-36-778
4)	Жаңғала ауданы бойынша бөлім	БҚО, Жаңғала ауданы, Халықтар достығы көшесі, 63 А	8-711-41-22-403 8-711-41-22-404
5)	Жәнібек ауданы бойынша бөлім	БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, Иманов көшесі, 79	8-711-35-22-425
6)	Зеленов ауданы бойынша бөлім	БҚО, Зеленов ауданы, Переметное ауылы, Гагарин көшесі, 69Б	8-711-30-23-614 8-711-30-23-616
7)	Казталов ауданы бойынша бөлім	БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Лұқманов көшесі, 22А	8-711-44-32-204 8-711-44-32-205
8)	Қаратөбе ауданы бойынша бөлім	БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, Ғ.Құрманғалиев көшесі, 23/1	8-711-45-31-800 8-711-45-31-463
9)	Сырым ауданы бойынша бөлім	БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 11/2	8-711-34-31-446 8-711-34-31-447
10 )	Тасқала ауданы бойынша бөлім	БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Вокзальная көшесі, 6	8-711-39-22-398 8-711-39-21-979
11 )	Теректі ауданы бойынша бөлім	БҚО, Теректі ауданы, Федоров ауылы, Юбилейный көшесі, 24	8-711-32-23-378 8-711-32-23-379
12 )	Шыңғырлау ауданы бойынша бөлім	БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Тайманов көшесі, 95	8-711-37-33-311 8-711-37-34-420
13 )	Казталов ауданы бойынша бөлім	БҚО, Казталов ауданы, Жалпақтал ауылы, С.Датұлы көшесі, 23	8-711-38-21-044 8-711-38-21-045
14 )	Дарьинск ауылдық округі бойынша бөлім	БҚО, Зеленов ауданы, Дарьинск ауылы, Балдырған көшесі, 27/1	8-711-31-24-080 8-711-31-24-082
15 )	Тайпақ ауылдық округі бойынша бөлім	БҚО, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылы, Шемякин көшесі, 13	8-711-42-21-884
16 )	Теректі ауданының Ақжайық ауылдық округі бойынша бөлімі	БҚО, Теректі ауданы, Ақжайық ауылы, Ақжайық көшесі, 5	8-711-43-91-316
«Қарағанды облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
8.	«Қарағанды облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Чкалов көшесі, 7	8 (7212) 41-63-10
1)	№ 1 қалалық бөлім	Ержанов көшесі, 47/3	8 (7212) 33-13-10
2)	№ 2 қалалық бөлім	Чкалов көшесі, 7	8 (7212) 41-03-92

3)	№ 3 қалалық бөлім	Мұқанов көшесі, 5	8 (7212) 77-26-57
4)	№ 4 қалалық бөлім	Архитектурная көшесі, 8	8 (7212) 45-71-01
5)	№ 5 қалалық бөлім	21-ші шағын аудан, 6/7 үй	8 (7212) 32-92-51
6)	№ 6 м	Серов көшесі, 73	8 (7212) 93-16-94
7)	Темір қаласы бойынша № 1 бөлім	Блюхер көшесі, 23	8 (7213) 44-67-45
8)	Темір қаласы бойынша № 2 бөлім	Республика даңғылы, 128	8 (7213) 99-79-96
9)	№ 1 Абай аудандық бөлімі	Абай қаласы, Абай көшесі, 54	8 (72131) 4-77-07
10)	№ 2 Абай аудандық бөлімі	Абай қаласы, Топар ауылы, Қазбек би көшесі, 3	8 (72153) 3-04-46
11)	Саран қаласының бөлімі	Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 85	8 (72137) 4-25-26
12)	№ 1 Шахтинск қалалық бөлімі	Шахтинск қаласы, А.Құнанбаев даңғылы, 65В	8 (72156) 5-21-25
13)	№ 2 Шахтинск қалалық бөлімі	Шахтинск қаласы, Шахан ауылы, 10/16 квартал, 16 үй	8 (72156) 3-20-99
14)	№ 1 Осакаров аудандық бөлімі	Осакаров кенті, Пристационная көшесі, 12	8 (72149) 4-32-62
15)	№ 2 Осакаров аудандық бөлімі	Осакаров ауданы, Молодежный кенті, Абай көшесі, 13	8 (72148) 2-22-46
16)	Сәтпаев қаласының бөлімі	Сәтпаев қаласы, Сәтпаев көшесі, 111	8 (71063) 4-03-47
17)	Балқаш қаласының бөлімі	Балқаш қаласы, Бөкейхан көшесі, 20а	8 (71036) 6-83-37
18)	Шет аудандық бөлімі	Аксу-Аюлы ауылы, Жапақов көшесі, 23/1. Ағадыр кенті, Тәуелсіз Қазақстан көшесі, 4	8 (71031) 2-21-88
19)	Жезқазған қаласының бөлімі	Жезқазған қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 9	8 (7102) 73-81-09
20)	Жаңаарқа аудандық бөлімі	Жаңаарқа ауданы, Атасу кенті, А.Оспанов көшесі, 40	8 (71030) 2-69-09
21)	Қаражал қаласының бөлімі	Қаражал қаласы, Ленин көшесі, 18	8 (71032) 2-70-21
22)	Приозерск қаласының бөлімі	Приозерск кенті, Балқаш көшесі, 7	8 (71039)5-27-37
23)	№ 1 Бұқар жырау аудандық бөлімі	Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Абылай хан көшесі, 37	8 (72154) 2-23-73
24)	№ 2 Бұқар жырау аудандық бөлімі	Бұқар жырау ауданы, Мир көшесі, 24	8 (72138) 3-15-62
25)	№1 Ақтоғай аудандық бөлімі	Ақтоғай ауданы, Ақтоғай кенті, Бөкейхан көшесі, 10	8 (71037) 2-11-05
26)	№ 2 Ақтоғай аудандық бөлімі	Сарышаған кенті, Абай көшесі, 12	8 (71038)22-3- 39
27)	Нұра аудандық бөлімі	Киевка кенті, Сүлейменовтер көшесі, 2	8 (721-44)2-11-11
28)	Ұлытау аудандық бөлімі	Ұлытау ауданы, Ұлытау кенті, Амангелді көшесі, 29а	8 (71035) 2-13-06

29 )	Қарқаралы аудандық бөлімі	Қарқаралы қаласы, Әубәкіров көшесі, 21	8 (72146) 3-17-03
«Қостанай облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
9.	«Қостанай облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 114	8 (7142) 53-44-84 8 (7142) 53-25-56
1)	Қостанай қалалық бөлімі	Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гашица көшесі, 14	8 (7142) 26-45-51
2)	Алтынсарин бөлімі	Қостанай облысы, Силантьевка ауылы, Ленин көшесі, 51	8 (71445) 21-5-28 8 (71445) 21-5-29
3)	Амангелді бөлімі	Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Майлин көшесі, 27/7	8 (71440) 21-2-55 8 (71440) 21-2-69
4)	Арқалық бөлімі	Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62	8 (71430) 75-6-87 8 (71430) 75-6-86
5)	Әулікөл бөлімі	Қостанай облысы, Әулікөл ауылы, Ленин көшесі, 32	8 (71453) 21-8-31 8 (71453) 21-9-02
6)	Денисов бөлімі	Қостанай облысы, Денисовка ауылы, Советская көшесі, 13	8 (71434) 22-0-30 8 (71434) 92-7-16
7)	Жангелдин бөлімі	Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосы, 8 наурыз көшесі, 37	8 (71439) 22-0-05 8 (71439) 21-5-85
8)	Жітіқара бөлімі	Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Ленин көшесі, 108	8 (71435) 28-2-83 8 (71435) 28-2-00
9)	Қамысты бөлімі	Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Қамысты ауылы, Ержанов көшесі, 66	8 (71437) 22-2-76 8 (71437) 22-2-75
10 )	Қарабалық бөлімі	Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Космонавттар көшесі, 16	8 (71441) 32-9-61 8 (71441) 32-5-02
11 )	Қарасу бөлімі	Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, Комсомол көшесі, 24 үй	8 (71452) 22-1-47 8 (71452) 21-9-69
12 )	Лисаков бөлімі	Қостанай облысы, Лисаков қаласы, №4 шағын аудан, 25 үй	8 (71433) 32-0-90 8 (71433) 35-3-89
13 )	Меңдіқара бөлімі	Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровской ауылы, Королев көшесі, 4А үй	8 (71443) 22-4-60
14 )	Наурызым бөлімі	Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Қараменді ауылы, Шакшақ Жәнібек көшесі, 5 үй	8 (71454) 21-0-53 8 (71454) 21-0-15
15 )	№1 Рудный бөлімі	Қостанай облысы, Рудный қаласы, Космонавттар көшесі, 12	8 (71431) 49-8-02
16 )	№ 2 Рудный бөлімі	Қостанай облысы, Рудный қаласы, Корчагин көшесі, 76 үй	8 (71431) 90-0-38 8 (71431) 98-9-47
17 )	Сарыкөл бөлімі	Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл кенті, Ленин көшесі, 104	8 (71451) 21-3-21 8 (71451) 21-2-09
18 )	Таран бөлімі	Қостанай облысы, Таран ауданы, Таран ауылы, Калинин көшесі, 93	8 (71436) 36-5-89 8 (71436) 37-4-52
19 )	Ұзынкөл бөлімі	Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 79	8 (71444) 21-5-67 8 (71444) 21-1-62
20 )	Федоров бөлімі	Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Красноармейская көшесі, 56	8 (71442) 22-5-18 8 (71442) 23-2-83

21 )	Қостанай ауданының бөлімі	Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затабол кенті, Калинин көшесі, 53	8 (71455) 24-3-15 8 (71455) 24-3-16
«Қызылорда облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
10 .	«Қызылорда облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 2Е	8 (7242) 23-07-16
1)	№ 1 қалалық бөлім	Қызылорда қаласы, Тасбөгет ауылы, Амангелді көшесі, н/ж	8 (7242) 21-66-64
2)	№ 2 қалалық бөлім	Қызылорда қаласы, Жанкожа батыр көшесі, 82	8 (7242) 25-60-57
3)	№ 3 қалалық бөлім	Қызылорда қаласы, Шұғыла шағын ауданы, 45	8 (7242) 24-86-11
4)	№ 4 қалалық бөлім	Қызылорда қаласы, Ақмешіт шағын ауданы, 1б	8 (7242) 22-48-27
5)	Байқоңыр қалалық бөлімі	Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Максимов көшесі, № 17а	8 (3362) 27-54-81
6)	Арал аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Арал қаласы, Қарасақал көшесі, н/ж	8 (72433) 25-0-02
7)	Қазалы аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, Жанкожа батыр көшесі, н/ж	8 (72438) 26-1-27
8)	Қармақшы аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Жосалы кенті, Абай көшесі н/ж	8 (72437) 2-11-62
9)	Жалағаш аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Жалғаш кенті, Желтоқсан көшесі, н/ж	8 (72431) 32-3-03
10 )	Сырдария аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Амангелді көшесі, № 55 «а»	8 (72436) 2-29-00
11 )	Шиелі аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, н/ж	8 (72432) 4-15-59
12 )	Жанақорған аудандық бөлімі	Қызылорда облысы, Жанақорған кенті, Сығанақ көшесі, н/ж	8 (72435) 21-4-51
«Маңғыстау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
11 .	«Маңғыстау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Ақтау қаласы, 15 шағын ауданы, 67 б ғимарат	8 (7292) 42-23-11 8 (7292) 42-23-12
1)	№ 1 Ақтау қалалық бөлімі	Ақтау қаласы, 15 шағын ауданы, 67 б ғимарат	8 (7292) 42-23-17
2)	№ 2 Жаңаөзен қалалық бөлімі	Жаңаөзен қаласы, Өркен шағын ауданы, Балалар шығармашылық үйінің ғимараты.	8 (72934) 5-03-90
3)	№3 Мұнайлы аудандық бөлімі	Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, Қоғамдық ұйым ғимараты	8 (7292) 46-56-83
4)	№ 4 Бейнеу аудандық бөлімі	Бейнеу ауылы, Қостай көшесі, Жастар орталығы ғимараты	8 (72932) 2-55-35
	Бейнеу ауданының № 9 Боранқұл бөлімі	Боранқұл селосы, 7 ауыл, Боранқұл мәдениет ММ ғимараты	8 (72932) 3-16-95
5)	№ 5 Маңғыстау аудандық бөлімі	Шетпе ауылы, Центральный көшесі, № 15 Қазпошта ғимараты	8 (72931) 22-0-79
6)	№ 6 Қаракияң аудандық бөлімі	Құрық ауылы, Уәлиханов көшесі, 15 үй	8 (72937) 22-2-10
7)	№ 7 Түпқарағай аудандық бөлімі	Форт-Шевченко қаласы, Маяулыз көшесі, б-д	8 (72938) 2-30-38



	Түпқарағай ауданының № 10 Ақшүкір бөлімі	Ақшүкір ауылы, Үштерек көшесі, №5 «Жайлау» ЖШС ғимараты	8 (72938)33-28-44
8)	№ 8 Жетібай аудандық бөлімі	Жетібай кенті, Жаңақұрылыс көшесі, № 10 ғимарат	8 (72935) 26-9-33
«Павлодар облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
12	«Павлодар облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Павлодар қаласы, Павлов көшесі, 48	8 (7182) 33-47-35 8 (7182) 70-42-01
1)	Павлодар қалалық бөлімі	Павлодар қаласы, Кутузов көшесі, 204	8 (7182) 34-59-04 8 (8182) 34-59-05
2)	№ 1 Павлодар қалалық бөлімі	Павлодар қаласы, Исеналиева көшесі, 24	8 (7182) 32-04-67 8 (7182) 70-42-09
3)	Павлодар аудандық бөлімі	Павлодар қаласы, Толстой көшесі, 10	8 (7182) 62-92-29 8 (7182) 32-26-83
4)	Екібастұз аудандық бөлімі	Екібастұз қаласы, Мәшһүр – Жүсіп көшесі, 92/2	8 (7187) 77-66-93 8 (7182) 70-42-27
5)	Ақсу аудандық бөлімі	Ақсу қаласы, Ленин көшесі, 10	8 (7183) 76-90-60 8 (7183) 76-91-77
6)	Ақтоғай аудандық бөлімі	Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 72	8 (71841) 2-21-66
7)	Баянауыл аудандық бөлімі	Баянауыл ауылы, Сәтпаев көшесі, 49	8 (71840) 9-23-65 8 (71840) 9-23-61
8)	Железинка аудандық бөлімі	Железинка ауылы, Торайғыров көшесі, 58	8 (71831) 2-25-86
9)	Шарбақты аудандық бөлімі	Шарбақты ауылы, В.Чайко көшесі, 45	8 (71836) 2-34-43 8 (71836) 2-33-37
10)	Қашыр аудандық бөлімі	Тереңкөл ауылы, Тургенев көшесі, 85	8 (71833) 2-24-79
11)	Лебяжі аудандық бөлімі	Аққу ауылы, Тәшімов көшесі, 114	8 (71839) 2-11-07
12)	Ертіс аудандық бөлімі	Ертіс ауылы, Иса Байзақов көшесі, 14	8 (71832) 22-91-12 8 (71832) 22-91-11
13)	Май аудандық бөлімі	Майск ауылы, Сейфуллин көшесі, 13	8 (71838) 9-21-44
14)	Успен аудандық бөлімі	Успенка ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі	8 (71834) 9-18-40 8 (71834) 9-12-51
«Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
13	«Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Әуезов көшесі, 157	8 (7152) 33-12-57
1)	Қалалық бөлімі	Қазақстан Конституциясы көшесі, 72	8 (7152) 33-02-26
2)	Айыртау ауданы бойынша бөлім	Д.Сыздықов көшесі, 4	8 (71533) 2-01-84
3)	Ақжар ауданы бойынша бөлім	Жеңіс көшесі, 67	8 (71546) 2-21-08
4)	Аққайың ауданы бойынша бөлім	Еңбек көшесі, 11	8 (71532) 2-25-86
5)	Есіл ауданы бойынша бөлім	Ленин көшесі, 6	8 (71543) 2-20-03
6)	Жамбыл ауданы бойынша бөлім	Горький қиылысы көшесі, 10 Г	8 (71544) 2-29-16
7)	Ғ.Мүсірепов атындағы ауданы бойынша бөлім	Ленин көшесі, 7	8 (71535) 2-22-19
8)	Қызылжар ауданы бойынша бөлім	Институт көшесі, 1 А	8 (71538) 2-17-46
9)	М.Жұмабаев ауданы бойынша бөлім	Юбилейный көшесі, 62	8 (71531) 2-03-76

10 )	Мамлют ауданы бойынша бөлім	С.Мұқанов көшесі, 11	8 (71541) 2-27-48
11 )	Тайынша ауданы бойынша бөлім	Қазақстан Конституциясы көшесі, 208	8 (71536) 2-36-03
12 )	Тимирязов ауданы бойынша бөлім	Уәлиханов көшесі, 17	8 (71537) 2-03-02
13 )	Уәлиханов ауданы бойынша бөлім	Уәлиханов көшесі, 80	8 (71542) 2-28-11
14 )	Шал ақын ауданы бойынша бөлім	Желтоқсан көшесі, 31	8 (71534) 2-73-90
«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
14 .	«Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Шымкент қаласы, Мәделі Қожа көшесі, н/ж	8 (7252) 30-06-79 8 (7252) 21-09-00
1) )	Шымкент қаласының № 1 қалалық бөлімі	Шымкент қаласы, Мәделі Қожа көшесі, н/ж	8 (7252) 30-06-79 8 (7252) 99-72-76
2) )	Шымкент қаласының № 2 қалалық бөлімі	Шымкент қаласы, Мәделі Қожа көшесі, н/ж	8 (7252) 99-72-31
3) )	Шымкент қаласының № 3 қалалық бөлімі	Шымкент қаласы, Оспанов көшесі, 61	8 (7252) 30-01-35
4) )	Шымкент қаласының № 4 қалалық бөлімі	Шымкент қаласы, Сайрам көшесі	8 (7252) 52-50-84
5) )	Шымкент қаласының № 5 қалалық бөлімі	Шымкент қаласы, Республика көшесі, 15	8 (7252) 56-52-84
6) )	Арыс аудандық бөлімі	Арыс қаласы, Ергөбек көшесі, н/ж	8 (72540) 2-31-18
7) )	Бәйдібек аудандық бөлімі	Шаян ауылы, Мыңбұлақ көшесі н/ж	8 (72548) 21-443
8) )	Кентау аудандық бөлімі	Кентау қаласы, Абылайхан даңғылы, № 10	8 (72536) 36-456
9) )	Қазығұрт аудандық бөлімі	Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, н/ж	8 (72539) 22-757
10 )	Мақтаарал аудандық бөлімі	Жетісай қаласы, Жәйшібеков көшесі, н/ж	8 (72534) 61-343
11 )	Отырар аудандық бөлімі	Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, н/ж	8 (72544) 22-616
12 )	Ордабасы аудандық бөлімі	Темірлан ауылы, Қажымұқан көшесі, н/ж	8 (72530) 22-670
13 )	Түркістан аудандық бөлімі	Түркістан қаласы, Тілеулі мыңбасы көшесі, н/ж	8 (72533) 41679
14 )	Төлеби аудандық бөлімі	Леңгер қаласы, Төле би көшесі, н/ж	8 (72547) 61-90-56
15 )	Түлкібас аудандық бөлімі	Түлкібас ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 189	8 (72538) 52-709
16 )	Сайрам аудандық бөлімі	Ақсукеңт ауылы, Қыстаубаев көшесі, н/ж	8 (72531) 77-079
17 )	Созақ аудандық бөлімі	Шолаққорған ауылы, Қожанов көшесі, н/ж	8 (72546) 43-329
18 )	Сарыағаш аудандық бөлімі	Сарыағаш ауылы, Шораулы көшесі, н/ж	8 (72537) 27-020

19 )	Абай ауылдық бөлімі	Абай ауылы, Жылқышиев көшесі, н/ж	8 (72532) 31-629
20 )	Шортанды аудандық бөлімі	Шардара қаласы, Шардара тұйығы, н/ж	8 (72535) 21-583
«Алматы қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
15 .	«Алматы қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Жандосов көшесі, 51	8 (727) 247-16-28
1)	Әуезов ауданының бөлімі	Жандосов көшесі, 51	8 (727) 247-16-27
2)	Алматы ауданының бөлімі	Бөгенбай батыр көшесі, 221	8 (727) 378-09-09
3)	Алатау ауданының бөлімі	Шаңырақ ықшам ауданы-2, Жанқожа батыр көшесі, 24	8 (727) 395-36-10
4)	Бостандық ауданының бөлімі	Алмагүл шағын ауданы, 9а	8 (727) 396-37-00
5)	Жетісу ауданының бөлімі	Төлеби көшесі, 155	8 (727) 330-72-43
6)	Медеу ауданының бөлімі	Макаров көшесі, 44	8 (727) 239-65-52
7)	Түрксіб ауданының бөлімі	Рихард Зорге көшесі, 9	8 (727) 234-09-74
«Астана қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
16 .	«Астана қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Республика даңғылы, 12/2	8 (7172) 57-07-74
1)	Алматы ауданы бойынша бөлімі	Мирзоян көшесі, 25 үй	8(7172) 61-84-11
	№ 1 бөлімі	Республика даңғылы, 12/2	8 (7172) 32-80-10
	№ 2 бөлімі	Абай көшесі, 53	8 (7172) 21-10-27
	№ 3 бөлімі	Железнодорожный кенті, Ақтасты көшесі, 20	8 (7172) 94-71-80
2)	Сарыарқа ауданы бойынша бөлім	Республика даңғылы, 43	8 (7172) 32-46-97
	«Тлендиев» бөлімі	Бөгенбай даңғылы, 6а үй	8 (7172) 94-99-96
	«Ақжайық» бөлімі	Есенберлин көшесі, 16/2 (Темірбанк) АҚ ғимаратында)	8 (7172) 59-28-33
	«Өндіріс» бөлімі	Кемеңгерұлы көшесі, 6/1	8 (7172) 30-40-70
	«Кенесары» бөлімі	Сарыарқа көшесі, 12 үй «БТА-банк» АҚ ғимараты	8 (7172) 23-79-03
	«Жеңіс» бөлімі	Жеңіс даңғылы, 34	8 (7172) 31-70-37
3)	Есіл ауданы бойынша бөлім	Сауран көшесі, 7	8 (7172) 50-13-70
	Есіл ауданы бойынша бөлім	Қабанбай батыр даңғылы, 5/1 вп.№ 1	8(7172) 50-91-95

«Этил спиртінің өндірісіне  
лицензия беру, қайта ресімдеу,  
лицензияның телнұсқасын беру»  
мемлекеттік қызмет  
стандартына 2-қосымша

(лицензиардың

толық

атауы)

\_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның толық аты-жөні, тегі, ЖСН деректер)

\_\_\_\_\_

## Өтініш

\_\_\_\_\_

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін) \_\_\_\_\_ жүзеге

а с ы р у ғ а

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын.

Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі \_\_\_\_\_, сериясы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ берген \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

Банк шоты (егер бар болса) \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріліп отырған құжаттар:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Өтініш 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды

\_\_\_\_\_

(лицензиардың жауапты адамының қолы, аты-жөні)

«Этил спиртінің өндірісіне  
лицензия беру, қайта ресімдеу,  
лицензияның телнұсқасын беру»

мемлекеттік қызмет

стандартына 3-қосымша

\_\_\_\_\_

(лицензиардың толық атауы)

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның толық атауы)

## Өтініш

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі көрсетілсін)  
\_\_\_\_\_ жүзеге

а с ы р у ғ а

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын.  
Мекен жайы \_\_\_\_\_

(индексі, қала, аудан, облыс, көшесі, үй нөмірі,

т е л е ф о н , \_\_\_\_\_ ф а к с , \_\_\_\_\_ е - m a i l )

Банк шоты \_\_\_\_\_  
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Филиалдары \_\_\_\_\_ (өкілдіктері, объектілері, пункттері,  
учаскелері) \_\_\_\_\_

(орналасқан жері және деректемелері)

Қоса \_\_\_\_\_ беріліп \_\_\_\_\_ отырған \_\_\_\_\_ құжаттар:

Басшы \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Өтініш 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды

(жауапты адамының қолы, аты-жөні)

«Этил спиртінің өндірісіне

лицензия беру, қайта ресімдеу,

лицензияның телнұсқасын беру»

мемлекеттік қызмет

стандартына 4-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

--	--	--	--

Көрсеткіштің

Сапа және тиімділік көрсеткіштері

Көрсеткіштің  
нормативтік мәні

Көрсеткіштің кейінгі  
жылғы нысаналы  
мәні

			есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжат тапсырылған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету процесінің сапасына қанағаттанған алушылардың % -ы (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012

ж ы л ғ ы

4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1519

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **«Алкоголь өнімінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты 1.**

### **Жалпы ережелер**

1. «Алкоголь өнімінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінде (бұдан әрі – уәкілетті орган) мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 11, «Қаржы министрлігінің үйі» ғимаратында № 102 кабинетте немесе осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі – ХҚО), сондай-ақ алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болу шартымен «электрондық үкімет» [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 20-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына және 471-бабына, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы ҚРЗ) 3-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Алкоголь өнімінің өндірісі жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 тамыздағы № 732, «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 қаулыларына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) «Салықтық қызмет көрсету» бөлімі);

2) ХҚО интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz));

3) порталда;

4) уәкілетті органның, ХҚО стенділерінде;

5) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның аумақтық органдарының стенділерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны арқылы да берілуі мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) уәкілетті органда немесе ХҚО-да – электрондық құжат нысанында алкоголь өнімдерінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәкілетті органның уәжделген жауабы;

2) порталда – алкоголь өнімдерінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәкілетті органның уәжделген жауабы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – алушы) көрсетіледі.

7. Уәкілетті органда, ХҚО-да немесе порталда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша (бұдан әрі – лицензия) беру – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде;



лицензияны қайта ресімдеу – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде ;

1. «Этил спиртінің техникалық мақсаттарда немесе алкогольдік емес өнімдерді өндіру кезінде пайдаланатын ұйымдардың оны акциз төлей отырып сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік қызметін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық департаменттерінде (бұдан әрі – салық департаменті) немесе осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасының салық органдары көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 20-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы ҚРЗ) 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және «Этил спиртінің сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1572 қаулысына с ә й к е с к ө р с е т і л е д і .

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) «Салықтық қызмет көрсету» бөлімі);

2) салық департаментінің стенділерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты call-орталығының 8(7172) 58-09-09 телефоны арқылы да берілуі мүмкін.

5. Салық департаментінің көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі этил спиртінің техникалық мақсаттарда немесе алкогольдік емес өнім өндіруге қолданатын ұйымдардың сатып алуы үшін акциз төлей отырып рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) берілуі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы

жазбаша уәжелген жауап беруі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына (бұдан әрі – алушы) көрсетіледі.

7. Салық департаментінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) алушыларға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту (шағын бизнес субъектілерінің) берген өтініштерін қоспағанда – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 1 (бір) а й д ы ң і ш і н д е ;

алушыларға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту (шағын бизнес субъектілеріне) – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 15 күнтізбелік күннің ішінде;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін кезек күтудің ең ұзақ рұқсат етілген у а қ ы т ы – 20 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

3) алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан а с п а й д ы .

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Салық департаментінің жұмыс кестесі еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

10. Мемлекеттік қызмет дене мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар, толтырылған бланкілердің үлгісі бар ақпараттық стенділер орналасқан күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы жағдайлары бар күту орны көзделген салық департаментінде көрсетіледі.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет орындары және өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін алушы салық департаментіне м ы н а л а р д ы :

1) белгіленген нысандағы өтінішті;  
2) алушының мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктің к ө ш і р м е с і н ;

3) тиісті уәкілетті орган бекіткен этил спиртінің қажетті және шығыс н о р м а л а р ы н ;



4) егер алушы екінші рет өтініш беретін болса, бұрын алынған этил спиртін тұтыну көлемі туралы еркін түрде есепті (алушы рұқсат берген салық департаментіне спиртті пайдаланғаннан кейін 10 күннің ішінде рұқсат беру орны бойынша есепті) тапсырады.

Рұқсат бойынша сатылып алынған этил спиртін техникалық мақсаттарда немесе алкогольдік емес өнім шығаруға пайдаланылған кезде, есепте этил спиртінің сатылып алынған көлемінің нақты пайдаланылғаны туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Құжаттарды қабылдау кезінде салық департаментінің қызметкері түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен берілген мәліметтермен түпнұсқалығын салыстырып тексереді, сонан соң түпнұсқаларды алушыға қайтарады.

12. Рұқсат алу үшін өтініш нысандары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсында, салық департаментінің күту залындағы стенділерде және арнайы бағанда орналастырылады.

13. Құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін салық департаментіне табыс етілген құжаттар, тізімделу бойынша қабылданады және алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Пошта арқылы жүгінген кезде салық департаментінің қызметкері пошталық хабарламаға белгі қояды.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі алушыға салық департаментінде қолма-қол (алушының өзі не сенімхат бойынша өкілінің келуі) беріледі.

16. Егер алушыға қатысты осы этил спирті сатып алынатын қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген соттың үкімі болса, ол мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіз жоқ.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Салық департаментінің қызметі адамның конституциялық құқықтарын сақтауға, қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтауға негізделген және сыпайылық, толық ақпарат беру, сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Салық департаментінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

## **5. Шағымдану тәртібі**

20. Салық департаменті қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымдарды дайындауға жәрдемдесу үшін алушы салық департаментінің басшылығына жүгінеді.

Салық департаментінің қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты да call-орталықтарының 8 (7172) 58-09-09) телефоны арқылы алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым салық департаментінің басшысының атына осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша пошта арқылы не қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, сондай-ақ call-e-tax@mgd.kz мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті тікелей салық департаменті көрсетеді. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін салық департаментінің басшысына және осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинетіне жазбаша түрде шағым жіберіледі, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін демалыс күндері – сенбі, жексенбі және мереке күндері.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда алушының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне, сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайда шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде (электрондық шағым кітабының мекенжайы: call-e-tax@mgd.kz) не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинеті арқылы жұмыс күндері қолма-қол, не салық департаментінде орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жазбаша түрде қабылданады.

Қажет болған жағдайда алушылар шағымға салық департаментінің мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсеткенін немесе салық департаменті қызметкерінің дұрыс қызмет көрсетпегенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Салық департаментінің жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін

қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының  
**З а ң ы н а** **с ә й к е с** **б е р і л е д і .**

25. Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштерді есепке алу кітабына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы алушыға жазбаша түрде хабарланады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефоны арқылы алуға болады.

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

«Этил спиртінің техникалық мақсаттарда немесе алкогольдік емес өнімдерді өндіру кезінде пайдаланатын ұйымдардың оны акциз төлей отырып сатып алуына рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

### **Мемлекеттік қызмет көрсететін салық департаменттерінің тізбесі**

Р/с №	Салық департаменттері	Заңды мекенжайы	Интернет-ресурсы	Салық департаменттері хатшылығының телефондары және кабинет	Мемлекеттік қызм көрсететін салық департаменттері бөліністерінің телефондары
1	2	3	4	5	6
1	Ақмола облысы бойынша салық департаменті	Көкшетау қ., Горький к-сі, 21 А	<a href="http://www.nalog.kokc.kz">www.nalog.kokc.kz</a>	8 (7162) 72-12-27 № 106 кабинет	8 (7162) 72-18 (7162) 72-11-81
2	Ақтөбе облысы бойынша салық департаменті	Ақтөбе қ., Некрасов к-сі, 73		8 (7132) 21-01-9 4 8 (7132) 59-53-64 № 19 кабинет	8 (7132) 96-98 (7132) 96-99-41
3	Алматы облысы бойынша салық департаменті – өкілдік	Алматы қ., Мира – Шевченко к-сі, 67а	<a href="http://www.taxalmaty.kz">www.taxalmaty.kz</a>	8 (7272) 72-78-99 № 41 кабинет	8 (7272) 72-78 (7272) 72-72-53

4	Атырау облысы бойынша салық департаменті	Атырау қ., Азаттық даң., 94 А	www.taxatyrau.kz	8 (7122) 45-15-77 № 50 кабинет	8 (7122) 45-15-71
5	Шығыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Өскемен қ., Пермитин к-сі, 27	www.salykvko.gov.kz	8 (7232) 24-06-02 № 101 кабинет	8 (7232) 70-11 8 (7232) 24-91-51
6	Жамбыл облысы бойынша салық департаменті	Тараз қ, Төле би даң., 36	www.taxtaraz.kz	8 (7262) 45-25-6 1 8 (7262) 45-71-43 № 203 кабинет	8 (7262) 45-7 8 (7262) 56-85-39
7	Батыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Орал қаласы, Некрасов к-сі, 30/1	www.taxwest.kz	8 (7112) 50-39-23 № 100 кабинет	8 (7112) 51-31 8 (7112) 50-75-19
8	Қарағанды облысы бойынша салық департаменті	Қарағанды қ., Чкалов к-сі, 3	www.nalog.karaganda.kz	8 (7212) 41-09-48 № 104 кабинет	8 (7212) 41-21 8 (7212) 50-39-72
9	Қостанай облысы бойынша салық департаменті	Қостанай қ., Майлин к-сі, 2	www.taxkostanay.kz	8 (7142) 53-54-05 № 103 кабинет	8 (7142) 53-71 8 (7142) 53-74-24
10	Қызылорда облысы бойынша салық департаменті	Қызылорда қ., Абай даң., 64 Г		8 (7242) 23-51-71 № 215 кабинет	8 (7242) 23-71 8 (7242) 23-88-42
11	Маңғыстау облысы бойынша салық департаменті	Ақтау қ., 4 ш.а., 12		8 (7292) 33-66-77 № 1 кабинет	8 (7292) 33-61 8 (7292) 30-24-44
12	Павлодар облысы бойынша салық департаменті	Павлодар қ., Ленин к-сі, 57		8 (7182) 53-57-56 № 102 кабинет	8 (7182) 32-21 8 (7182) 53-54-08
13	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Петропавл қ., Сүтішев к-сі, 56а	www.salyksko.kz	8 (7152) 46-66-09 № 102 кабинет	8 (7152) 46-71 8 (7152) 50-00-79
14	Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Шымкент қ., Б.Момышұлы көшесі, 27	www.naloguko.shym.kz	8(7252) 23-29-01 № 201 кабинет	8 (7252) 23-21 8 (7252) 23-27-03
15	Алматы қаласы бойынша салық департаменті	Алматы қ., Абылайхан даң., 93/95	www.nd.kz	8 (7272) 67-15-61 № 316 кабинет	8 (7272) 72-31 8 (7272) 67-69-88
16	Астана қаласы бойынша салық департаменті	Астана қ. Республика даң., 52	www.astananalog.kz	8 (7172) 77-31-83 № 501 кабинет	8 (7172) 77-31 8 (7172) 77-32-69

«Этил спиртін техникалық мақсаттарда немесе алкогольдік емес өнімдерді өндіру кезінде пайдаланатын ұйымдардың оны акциз төлей отырып сатып

алуына рұқсат беру»  
мемлекеттік қызмет  
стандартына 2-қосымша

**Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің кейінгі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжат тапсырылған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету процесінің сапасына қанағаттанған алушылардың % -ы (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012

жылғы

4

желтоқсандағы

№

1519

қаулысымен

бекітілген

**«Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімдерін сақтауға және көтерме саудада өткізуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру»**

**мемлекеттік қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер**

1. «Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімдерін сақтауға және көтерме саудада өткізуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік

қызметін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық департаменттерінде (бұдан әрі – салық департаменті) немесе осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі – ХҚО), сондай-ақ алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болу шартымен «электрондық үкімет» [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қазақстан Республикасының салық органдары көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 20-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына және 471-бабына, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына және «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) «Салықтық қызмет көрсету» бөлімі);

2) ХҚО интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz));

3) порталда;

4) салық департаментінің, ХҚО стенділерінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефоны арқылы да берілуі мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) салық департаментінде немесе ХҚО-да – электрондық құжат нысанында алкогольді өнімді сақтауға және көтерме сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру не уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы салық департаментінің уәждеделген жауабы;

2) порталда – электрондық құжат нысанында алкогольді өнімді сақтауға және көтерме сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру не уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы салық департаментінің уәждеделген жауабы болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – алушы) көрсетіледі.

7. Салық департаментінде, ХҚО-да немесе порталда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша (бұдан әрі – лицензия) беру – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде; лицензияны қайта ресімдеу – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқасын беру – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде;

алушы тапсырған құжаттардың толықтығын тексеру, тапсырылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда алушының құжаттарын одан әрі қараудан бас тарту туралы уәждеделген жазбаша жауап беру – алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметті алғанға дейін кезек күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Лицензия (лицензияның телнұсқасын) беру (қайта ресімдеу) кезінде қызметтің осы түрлерімен айналысу құқығына Салық кодексінің 471-бабына сәйкес лицензиялық алым алынады.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті алуға алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініші портал арқылы берілген жағдайда төлем «электрондық үкімет» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) салық департаменті – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) ХҚО – мемлекеттік қызмет көрсетуі күн сайын дүйсенбіден бастап сенбіні

қоса алғанда, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, еңбек заңнамасына сай белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

3) портал – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) дене мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар, толтырылған бланкілердің үлгісі бар ақпараттық стенділер орналасқан күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы жағдайлары бар күту орны көзделген салық департаментінде немесе ХҚО-да көрсетіледі.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет орындары және өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары бар.

2) порталда – алушының «жеке кабинетінде» беріледі.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін алушы уәкілетті органға немесе ХҚО - ға :

1) лицензия алу үшін - осы стандартқа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

2) лицензияға қосымша, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – еркін нысандағы өтінішті;

3) заңды тұлға лицензия алу үшін – жарғының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі) ;

4) заңды тұлға лицензия алу үшін – алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

5) жеке тұлға лицензия алу үшін – алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ;

6) дара кәсіпкер лицензия алу үшін – алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

7) лицензия алу үшін – алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәлігін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі) ;

8) лицензия және лицензияға қосымшаны алу үшін – біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар мен мәліметтерді;



9) лицензияны қайта ресімдеу, лицензияға қосымшаны алу үшін – лицензияның көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмесі);

10) лицензия, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі; лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін талап етілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну олардағы ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, т а л а п е т і л м е й д і .

«Электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа ХҚО-ғы арқылы құжаттарды беру кезінде құжаттар электрондық нысанда беріледі.

ХҚО-да заңды тұлғаның жарғысы, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, бюджетке лицензиялық алым төлеу туралы құжат, мәліметтер нысаны ХҚО қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері нысанындағы электрондық сұрау салуға тіркеледі.

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның немесе ХҚО қызметкері түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал немесе ХҚО ақпараттық жүйесі арқылы берілген мәліметтермен түпнұсқалығын салыстырып тексереді, содан соң түпнұсқаларды а л у ш ы ғ а қ а й т а р а д ы .

Порталға жүгінген кезде:

1) лицензия, лицензияға қосымша, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) лицензия, лицензияның телнұсқасын алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленгенін растайтын ақпарат жібереді; лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін талап е т і л м е й д і ;

электрондық сауалға тіркелетін сканерленген түрдегі көшірмелер:

3) заңды тұлға лицензия алу үшін – заңды тұлғаның жарғысы;

4) заңды тұлға лицензия алу үшін – алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі;

5) жеке тұлға лицензия алу үшін – алушының жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т ;

6) дара кәсіпкер лицензия алу үшін - алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі;

7) лицензия алу үшін – алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәлігі ;

8) лицензия, лицензияға қосымша – электрондық нысан түріндегі біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

9) лицензияға қосымшаны алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензия туралы мәліметтер (порталда болған кезде) немесе лицензия.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттардың мәліметтерін салық департаментінің немесе ХҚО-ның уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады .

12. Лицензия алу үшін өтініш нысандары интернет-ресурсының: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсында, салық департаментінің, ХҚО-ның күту залындағы стенділерде және арнайы бағанда орналастырылады .

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжаттың нысанын толтыру қажет .

13. Құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырылады.

ХҚО-ға жүгінген кезде электрондық сұрау салуды жөнелту ХҚО қызметкерінің автоматтандырылған жұмыс орны арқылы жүзеге асырылады.

Порталға жүгінген кезде: электрондық өтінішті жөнелту алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады. Өтініш таңдалған қызмет көрсетуге сәйкес автоматты түрде адресатқа – салық департаментіне жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін салық департаментіне немесе ХҚО-ға табыс етілген құжаттар, тізімделу бойынша қабылданады және алушыға немесе оның өкіліне құжаттардың қабылданғаны туралы көшірмесі қабылдау күні туралы белгімен (тапсырылады) жіберіледі.

ХҚО жүгінген кезде алушыға немесе оның өкіліне: сұрау салу нөмірі мен қабылданған күні; сұрау салынып отырған мемлекеттік қызмет түрі; қоса берілген құжаттардың саны мен атауы; құжаттардың берілген күні (уақыты) мен орны; құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты; өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің

аты және олардың байланыс телефондары көрсетіле отырып, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Порталға жүгінген кезде алушыға «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуді беруге сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі алушыға:

1) салық департаментінде немесе ХҚО-да – қолма-қол (алушының өзі келуі немесе сенімхат бойынша өкілінің келуі);

2) порталда – алушының «жеке кабинетінде» беріледі.

1 6 . Е г е р :

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметпен айналысуға тыйым салынған болса;

2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат болмағанда;

3) алушының қызметі біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) алушыға лицензия беру келісетін мемлекеттік органдармен келісілмесе;

5) алушыға қатысты осы қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген соттың үкімі болса;

6) сот орындаушысының ұсынысы негізінде сот лицензия алуға тыйым салса;

алушы порталға жүгінген кезде:

7) сұрау салынған электрондық ақпараттық ресурсқа қатысты қолжеткізілімге шектеу қолданылса және сұрау салу жіберген тұлғада сұрау салынған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;

8) алушыда сұрау салынған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және оған оның кімнің иелігінде екені белгісіз болса;

9) сұрау салудың маңызын айқындау кезінде сұрау салушы тұлғаның дәл қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтініш бергенін анықтау мүмкін болмаса;

10) егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе, электрондық ақпараттық ресурсқа сұрау салған алушы сұрау салуды орындауға шығыстарды төлемесе;

11) алушының сұрау салуы «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Егер салық департаменті немесе ХҚО белгіленген мерзімде алушыға лицензияны бермеген немесе лицензияны беруден уәжделген түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күнінен бастап лицензия

берілді деп есептеледі.

Салық департаменті, ХҚО лицензиянының берілген мерзімі бітер кезден бұрын 5 жұмыс күні ішінде кешіктірмей алушыға тиісті лицензияны беруге міндетті.

Салық департаменті немесе ХҚО лицензияны 5 жұмыс күні ішінде бермеген жағдайда лицензия берілді деп есептеледі, ал лицензияланған қызмет түрін жүзеге асыру құқығын растайтын құжат, лицензияның өзін алғанға дейін салық департаменті немесе ХҚО қабылдаған күні туралы белгісі бар құжаттардың тізімі болып табылады.

Алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжделген түрде бас тарту туралы жауапты салық департаментінде немесе ХҚО-да немесе порталдың «жеке кабинетінде» осы стандарттың 7-тармағында белгіленген мерзімде электрондық құжат түрінде алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіз жоқ.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Салық департаментінің немесе ХҚО қызметі адамның конституциялық құқықтарын сақтауға, қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтауға негізделген және сыпайылық, толық ақпарат беру, сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Салық департаментінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Салық департаменті қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымдарды дайындауға жәрдемдесу үшін алушы салық департаментінің басшылығына жүгінеді.

ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі, шағымды дайындауға көмек көрсету туралы ақпаратты да жауапты адамдардан (электрондық мекенжайы: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz)) алуға болады.

Портал жұмысына шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының телефоны (1414) арқылы алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым салық департаментінің басшысының атына осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша пошта арқылы не қолма-қол мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жазбаша түрде беріледі, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, сондай-ақ [call-e-tax@mgd.kz](mailto:call-e-tax@mgd.kz) мекенжайы бойынша электрондық шағым кітабына беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті тікелей салық департаменті немесе ХҚО көрсетеді.  
Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда:

1) өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін салық департаментінің басшысына, осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинетіне, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, демалыс күндері – сенбі, жексенбі және мереке күндері;

2) ХҚО-ның немесе ХҚО-ы қарауына жататын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің басшыларына жазбаша түрде шағым беріледі. ХҚО-ның басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген, Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда алушының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне, сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайда шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде (электрондық шағым кітабының мекенжайы: [call-e-tax@mgd.kz](mailto:call-e-tax@mgd.kz)) не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген кеңсе кабинеті арқылы жұмыс күндері қолма-қол, не салық департаментінде, ХҚО орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жазбаша түрде қабылданады.

Қажет болған жағдайда алушылар шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсеткенін немесе салық департаменті, ХҚО қызметкерінің дұрыс қызмет көрсетпегенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Портал арқылы жүгінген кезде: портал арқылы электрондық өтініш жөнелтілгеннен кейін алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жетімді болады, ол салық департаментінде өтінішті өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылады.

Салық департаментінің немесе ХҚО жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес беріледі.

25. Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштерді есепке алу кітабына тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралады.

Шағым берген тұлғаға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы алушыға жазбаша түрде хабарланады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефоны арқылы алуға болады.

Портал арқылы электрондық өтініш жөнелтілгеннен кейін алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жетімді болады, ол салық департаментінде немесе ХҚО-да өтінішті өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) б а р ы с ы н д а ж а ң а р т ы л а д ы .

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz) интернет-ресурсынан алуға болады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің адресі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіре беріс, интернет-ресурстың e-mail: [kagu-con@mci.gov.kz](mailto:kagu-con@mci.gov.kz) және «электрондық үкімет» Call-орталығының нөмірі 1414.

«Алкоголь өнімін өндіретін аумақтағы оны сақтау және бөлшек өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімдерін сақтауға және көтерме өткізуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

### Мемлекеттік қызмет көрсететін салық департаменттерінің тізбесі

				С а л ы қ департаменттері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін салық
	Салық департаменттері	Заңды мекенжайы	Интернет-ресурсы		

P/c №				хатшылығының телефондары және кабинет	департаментті бөліністеріні телефондары
1	2	3	4	5	6
1	Ақмола облысы бойынша салық департаменті	Көкшетау қ., Горький к-сі, 21 А	www.nalog.kokc.kz	8 (7162) 72-12-27 № 106 кабинет	8 (7162) 72-118 (7162) 72-11
2	Ақтөбе облысы бойынша салық департаменті	Ақтөбе қ., Некрасов к-сі, 73		8 (7132) 21-01-94 8 (7132) 59-53-64 19 кабинет	8 (7132) 96-98 (7132) 96-99
3	Алматы облысы бойынша салық департаменті – өкілдік	Алматы қ., Мира – Шевченко к-сі, 67а	www.taxalmaty.kz	8 (7272) 72-78-99 № 41 кабинет	8 (7272) 72-78 (7272) 72-79
4	Атырау облысы бойынша салық департаменті	Атырау қ., Азаттық даң., 94 А	www.taxatyrau.kz	8 (7122) 45-15-77 № 50 кабинет	8 (7122) 45-157 (7122) 45-158
5	Шығыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Өскемен қ., Пермитин к-сі, 27	www.salykvko.gov.kz	8 (7232) 24-06-02 № 101 кабинет	8 (7232) 24-06 (7232) 57-84
6	Жамбыл облысы бойынша салық департаменті	Тараз қ, Төле би даң., 36	www.taxtaraz.kz	8 (7262) 45-25-61 8 (7262) 45-71-43 № 203 кабинет	8 (7262) 45-71 (7262) 56-85
7	Батыс Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Орал қаласы, Некрасов к-сі, 30/1	www.taxwest.kz	8 (7112) 50-39-23 № 100 кабинет	8 (7112) 51-39 (7112) 50-79
8	Қарағанды облысы бойынша салық департаменті	Қарағанды қ., Чкалов к-сі, 3	www.nalog.karaganda.kz	8 (7212) 41-09-48 № 104 кабинет	8 (7212) 41-09 (7212) 50-39
9	Қостанай облысы бойынша салық департаменті	Қостанай қ., Майлин к-сі, 2	www.taxkostanay.kz	8 (7142) 53-54-05 № 103 кабинет	8 (7142) 53-54 (7142) 53-74
10	Қызылорда облысы бойынша салық департаменті	Қызылорда қ., Абай даң., 64 Г		8 (7242) 23-51-71 № 215 кабинет	8 (7242) 23-51 (7242) 23-88
11	Маңғыстау облысы бойынша салық департаменті	Ақтау қ., 4 ш.а., 12		8 (7292) 33-66-77 № 1 кабинет	8 (7292) 33-66 (7292) 30-24
12	Павлодар облысы бойынша салық департаменті	Павлодар қ., Ленин к-сі, 57		8 (7182) 53-57-56 № 102 кабинет	8 (7182) 32-57 (7182) 53-54
13	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Петропавл қ., Сүтішев к-сі, 56а	www.salyksko.kz	8 (7152) 46-66-09 № 102 кабинет	8 (7152) 46-11 (7152) 50-00
14	Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті	Шымкент қ., Б.Момышұлы көшесі, 27	www.naloguko.shym.kz	8(7252) 23-29-01 № 201 кабинет	8 (7252) 23-11 (7252) 23-27
15	Алматы қаласы бойынша салық департаменті	Алматы қ., Абылайхан даң., 93/95	www.nd.kz	8 (7272) 67-15-61 № 316 кабинет	8 (7272) 67-61 (7272) 67-69
16	Астана қаласы бойынша салық департаменті	Астана қ. Республика даң., 52	www.astananalog.kz	8 (7172) 77-31-83 № 501 кабинет	8 (7172) 77-31 (7172) 77-32

## Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізімі мен мекенжайлары

Р/с №	Орталықтардың атауы (филиалдар, бөлімдер, бөлімшелер)	Орналасқан мекенжайы	Байланыс деректері
1	2	3	4
«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Ақмола облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Әуезов көшесі 189 а	8 (7162) 40-10-63 8 (7162) 40-10-63
1)	Көкшетау қалалық бөлімі	Көкшетау қаласы, Біржан сал көшесі, 12 үй	8 (7162) 25-06-21 8 (7162) 25-06-21
2)	Карсный яр ауылындағы аудандық бөлім	Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Ленин көшесі, 15 үй	8 (7162) 40-43-27
3)	Ақкөл аудандық бөлімі	Ақкөл ауданы, Ақкөл ауылы, Нұрмағанбетов көшесі, 102 үй	8 (71638) 2-18-49 8 (71638) 2-18-49
4)	Аршалы аудандық бөлімі	Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Мәметова көшесі, 19 үй	8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-10-77 8 (71644) 2-10-77
5)	Атбасар аудандық бөлімі	Атбасар ауданы, Атбасар ауылы, Уәлиханов көшесі, 11 үй	8 (71643) 4-12-58 8 (71643) 4-12-58 8 (71643) 4-12-58
6)	Астрахан аудандық бөлімі	Астрахан ауданы, Астраханка ауылы, Әл-Фараби көшесі 42үй	8 (71641) 2-21-94 8 (71641) 2-21-94
7)	Бұланды аудандық бөлімі	Бұланды ауылы, Макинка қаласы, Сейфуллин көшесі, 18 үй	8 (71646) 2-37-81 8 (71646) 2-37-81
8)	Бурабай аудандық бөлімі	Бурабай ауаны, Шучье қаласы, Абылайхан даңғылы, 28 үй	8 (71636) 4-29-36 8 (71636) 4-29-36 8 (71636) 4-29-36
9)	Егіндікөл аудандық бөлімі	Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Жеңіс даңғылы, 7 үй	8 (71642) 2-12-57
10)	Ерейментау аудандық бөлімі	Ерейментау ауданы Ерейментау қаласы, Мұсабаев көшесі, 15 үй	8 (71633) 2-44-92
11)	Еңбекшілдер аудандық бөлімі	Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласы, Сыздықов көшесі, 2 а үй	8 (71639) 2-22-18 8 (71639) 2-22-18 8 (71639) 2-22-18
12)	Есіл аудандық бөлімі	Есіл ауданы, Есіл қаласы, Жеңіс даңғылы, 56 үй	8 (71647) 2-22-07
13)	Жарқайың аудандық бөлімі	Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Ғабдуллин көшесі, 104 үй	8 (71648) 9-00-00 8 (71647) 2-22-05
14)	Жақсы аудандық бөлімі	Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Ленин көшесі, 8 үй	8 (71635) 2-17-10
15)	Зеренді аудандық бөлімі	Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Мир көшесі, 52 үй	8 (71632) 2-29-43 8 (71632) 2-29-43
16)	Қорғалжын аудандық бөлімі	Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Абай көшесі, 44 а үй	8 (71637) 2-17-36 8 (71637)2-20-36



17)	Степногорск қалалық бөлімі	Степногорск қаласы, 4 шағын аудан, 7 үй	8 (71645) 2-00-30	2-00
18)	Сандықтау аудандық бөлімі	Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылайхан даңғылы, 119 үй	8 (71640) 9-26-66	
19)	Целиноград аудандық бөлімі	Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 15 үй	8 (71651) 3-11-98	3-11
20)	Шортанды аудандық бөлімі	Шортанды ауданы, Шортанды кенті, Безымянный қиылысы, 1 үй	8 (71631) 2-17-97	
«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы				
2.	«Ақтөбе облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109 үй	8 (7132) 56-57-87	
1)	№1 Ақтөбе қалалық бөлімі	Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 109 үй	8 (7132) 57-80-27	
2)	Қарғалы ауылы (Жилянка)	Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауданы, Қарғалы ауылы (Жилянка), Сәтпаев көшесі, 10 үй	8 (7132) 98-60-05	98-60
3)	Алға аудандық бөлімі	Алға ауданы, Алға қаласы, Киров көшесі, 23 үй	8 (71337) 3-10-96	3-20
4)	Мэрток аудандық бөлімі	Мэрток ауданы, Мэрток ауылы, Байтұрсынов көшесі, 1 «Б»	8 (71331) 22-1-14	22-14
5)	Хромтау аудандық бөлімі	Хромтау ауданы, Хромтау ауылы, Абай көшесі, 12 үй	8 (71336) 26-6-34	26-06
6)	Қандыағаш аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Молодежный шағын ауданы, 47»Б»	8 (71333) 30-2-18	30-18
7)	Ембі аудандық бөлімі	Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әміров көшесі, 10	8 (71334) 23-9-83	
8)	Темір аудандық №8 бөлім	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 15»А»	8 (71346) 23-9-87	23-87
9)	Қобда аудандық бөлімі	Қобда ауданы, Қобда кенті, Нұрымжанов қиылысы, 2	8 (71341) 22-1-38	22-38
10)	Бадамша ауылының қарғал аудандық бөлімі	Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы, Әйтеке би көшесі, 27	8 (71342) 23-4-62	23-62
11)	Ойыл аудандық бөлімі	Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 64	8 (71332) 21-1-82	21-82
12)	№ 12 Әйтеке би аудандық бөлімі	Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Балдырған көшесі, 10	8 (71339) 22-3-74	22-74
13)	Байғанин аудандық бөлімі	Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Барақ батыр көшесі, 41 «А»	8 (71345) 23-5-87	23-87
14)	Ырғыз аудандық бөлімі	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауданы, Жангелдин көшесі, 7	8 (71343) 21-8-28	
15)	Шалқар аудандық бөлім	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Әйтеке би көшесі, 63	8 (71335) 23-6-11	23-11
«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы				
3.	«Алматы облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 67Б	8 (7282) 24-41-33	24-33
1)	Ақсу аудандық бөлімі	Жансүгіров кенті, Қабанбай батыр көшесі, 20	8 (72832) 2-14-51	
	Қапал бөлімі	Қапал ауылы, Алпысбаев көшесі, 3	8 (72841) 2-17-60	

2)	Алакөл аудандық бөлімі	Үшарал ауылы, 8 наурыз көшесі, 63	8 (72833) 2-35-48	2-34
	Қабанбай бөлімі	Қабанбай ауылы, Абылайхан көшесі, 237	8 (72837) 4-13-85	
3)	Балқаш аудандық бөлімі	Бақанас ауылы, Бижанов көшесі, 25 «А»	8 (72773) 9-18-20	95-4
4)	Еңбекшіқазақ аудандық бөлімі	Есік қаласы, Абай көшесі, 314 А	8 (72775) 4-54-69	4-54
	Шелек бөлімі	Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 100	8 (72775) 2-34-97	2-34
5)	Ескелді аудандық бөлімі	Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 52 п.	8 (72836) 3-22-16	
6)	Жамбыл аудандық бөлімі	Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі, 1	8 (72770) 2-30-90	
7)	Іле аудандық бөлімі	Өтеген батыр кенті, Қуат шағын ауданы, Тәуелсіздік көшесі, 25	8 (727) 251-74-47	251-74
	Боралдай бөлімі	Боралдай ауылы, Вокзальная көшесі, 6 «А»	8 (72738) 7-82-42	
	Қараой бөлімі	Қараой ауылы, Тыңдала көшесі, 9	8 (7275) 24-88-10	
	Ақшы бөлімі	Ақшы ауылы, Қонаев көшесі, 29		
8)	Қарасай аудандық бөлімі	Қаскелең қаласы, Жанғозин көшесі, 38	8 (72771) 2-56-96	2-56
	Тау самалы бөлімі	Тау самалы кенті, Рысқұлов көшесі, 129	8 (727) 391-38-58	
	Шамалған бөлімі	Шамалған ст, Қонаев көшесі, 1 «В»	8 (7272) 93-66-33	
9)	Қаратал аудандық бөлімі	Үштөбе қаласы, Абылай хан даңғылы 22	8 (72834) 2-20-92	2-02
10)	Кербұлақ аудандық бөлімі	Сарыөзек қаласы, Момышұлы көшесі, н/ж	8 (72840) 3-25-88	
	Қоғалы бөлімі	Қоғалы кенті, Желтоқсан, 45	8 (72842) 9-10-59	
11)	Көксу аудандық бөлімі	Балпық би кенті, Измайлов көшесі, 10	8 (72838) 2-16-18	2-16
12)	Қапшағай қалалық бөлімі	Қапшағай қаласы, Қонаев көшесі, 41	8 (72772) 4-79-60	4-79
	Шеңгелді бөлімі	Шеңгелді ауылы, Сейфуллин көшесі, 34	8 (72772) 7-11-94	
13)	Сарқант аудандық бөлімі	Сарқант қаласы. Жамбыл көшесі, н/ж	8 (72839) 2-37-14	2-34
	Лепсі бөлімі	Лепсі ст, Төлебаев көшесі, 1.	8 (72843) 2-10-16	
14)	Райымбек аудандық бөлімі	Кеген ауылы, Момышұлы көшесі, н/ж	8 (72777) 2-18-78	2-20
	Нарынқол бөлімі	Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі н/ж	8 (72779) 2-11-65	
15)	Панфилов аудандық бөлімі	Жаркент қаласы, Головацкий көшесі н/ж	8 (72831) 5-51-11	
16)	Талғар аудандық бөлімі	Талғар қаласы, Лермонтов көшесі, 53 «А»	8 (72774) 2-21-33	388-11
	Нұра бөлімі	Нұра ауылы, Школьная көшесі, 10	8 (72774) 5-80-62	2-21
17)	Талдықорған қалалық бөлімі	Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі 67»Б»	8 (7282) 24-40-43	24-40
18)	Текелі қалалық бөлімі	Текелі қаласы, Октябрь көшесі, 7	8 (72835) 4-35-18	4-34

19)	Ұйғыр аудандық бөлімі	Шонжы ауылы, Қасымбеков көшесі, 35	8 (72778) 8 (72778) 8 (72778) 2-43-32	2-4: 2-4: 2-4:
«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы				
4.	«Атырау облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 23 үй	8 (7122) 21-34-67	
1)	Облыстық бөлім	Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 23 үй	8 (7122) 21-29-42	
2)	№1 қалалық бөлім	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16 а үй	8 (7122) 8 (7122) 35-75-30	35-7:
3)	№ 2 қалалық бөлім	Атырау қаласы, Балықшы ауылы, Байжігітов көшесі, 80а үй	8 (7122) 8 (7122) 24-37-89	24-3:
4)	Индер аудандық бөлімі	Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Мендіғалиев көшесі, 30 үй	8 (71234) 8 (71234) 2-18-38	2-1:
5)	Махамбет аудандық бөлімі	Атырау облысы, Махамбет ауданы, Абай көшесі, 10 үй	8 (71236) 8 (71236) 2-15-25	2-2:
6)	Қызылқоға аудандық бөлімі	Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Абай көшесі, 1 үй	8 (71238) 8 (71238) 2-20-27	2-2:
7)	Жылыой аудандық бөлімі	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8	8 (71237) 8 (71237) 5-01-28	5-0:
8)	Құрманғазы аудандық бөлімі	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино ауылы, Есболаев көшесі, 66 а	8 (71233) 8 (71233) 2-07-14	2-0:
9)	Мақат аудандық бөлімі	Атырау облысы, Мақат ауылы, Центральный көшесі, 2	8 (71239) 8 (71239) 3-22-96	3-2:
10)	Исатай аудандық бөлімі	Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Егеменді Қазақстан көшесі, 9 үй	8 (71231) 8 (71231) 2-16-69	2-1:
«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы				
5.	«Шығыс Қазақстан облысы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Өскемен қаласы, Белинский көшесі, 37 а	8 (7232) 8 (7232) 28-94-67	78-4:
1)	№1 Шығыс Қазақстан қалалық бөлімі	Өскемен қаласы, Сәтпаев даңғылы, 20/1	8 (7232) 60-39-22	
2)	№2 Шығыс Қазақстан қалалық бөлімі	Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 99/1	8 (7232) 8 (7232) 22-81-37	57-8:
3)	Глубокое аудандық бөлімі	Глубокое ауданы, Глубокое ауылы, Попович көшесі, 22	8 (72331) 2-23-35	
4)	Зайсан аудандық бөлімі	Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Жангелдин көшесі, 52 а	8 (72340) 2-67-81	
5)	Зырян аудандық бөлімі	Зырян ауданы, Зырян қаласы, Стаханов көшесі, 39	8 (72335) 6-02-39	
6)	Қатон – Қарағай аудандық бөлімі	Қатон - Қарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 96	8 (72341) 2-23-60	
7)	Күршім аудандық бөлімі	Күршім ауданы, Күршім ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 77	8 (72339) 2-13-10	
8)	Риддер аудандық бөлімі	Риддер қаласы, Семей көшесі, 12 үй	8 (72336) 4-62-62	
9)	Тарбағатай аудандық бөлімі	Тарбағатай ауданы, Ақсаут ауылы, Абылайхан көшесі, 23	8 (72346) 2-24-96	
10)	Ұлан аудандық бөлімі	Ұлан ауданы, Молодежный кенті, 9 үй	8 (72338) 2-78-96	

11)	Шемонаиха аудандық бөлімі	Шемонаиха ауданы, Шемонаиха қаласы, 3 шағын ауданы, 12	8 (72332) 3-41-00	
12)	№ 1 Семей қалалық бөлімі	Семей қаласы, 408 квартал, 21	8 (7222) 33-55-93	33-5'
13)	№ 2 Семей қалалық бөлімі	Семей қаласы, Найманбаев көшесі, 161А	8 (7222) 52-69-29	
14)	Абай аудандық бөлімі	Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбаев көшесі, 12	8 (72252) 2-22-64	
15)	Аягөз аудандық бөлімі	Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Дүйсенов көшесі, 84	8 (72237) 5-24-32	
16)	Бесқарағай аудандық бөлімі	Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Пушкин көшесі, 2 А	8 (72236) 9-06-30	
17)	Бородулиха аудандық бөлімі	Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Жастар көшесі,	8 (72351) 2-20-48	
18)	Жарма аудандық бөлімі	Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98	8 (72347) 6-54-00	
19)	Курчатов аудандық бөлімі	Курчатов ауданы, Курчатов қаласы, Абай көшесі, 12	8 (72251) 2-21-66	
20)	Көкпекті аудандық бөлімі	Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Шерияздана көшесі, 38	8 (72348) 2-21-71	
